

Махамбет Өтемісұлының 200 жылдығына арналады

Махамбеттің бір күні

Мазмұны

1-шымылдық

1-көрініс.	3
2-көрініс.	8
3-көрініс.	22

2-шымылдық

1-көрініс.	24
2-көрініс.	28

3-шымылдық

1-көрініс.	31
2-көрініс.	35
3-көрініс.	37
4-көрініс.	42

4-шымылдық

1-көрініс.	50
2-көрініс.	53

5-шымылдық

1-көрініс.	60
2-көрініс.	66

6-шымылдық

1-көрініс.	70
2-көрініс.	73
3-көрініс.	

7-шымылдық

1-көрініс.	76
2-көрініс.	81
3-көрініс.	84

8-шымылдық

Басты кейіпкерлер:

Махамбет

1-Ой-Елес

2-Ой-Елес

Исатай

Жәңгір хан

Баймағамбет

Шонты би, 50-60 жаста

Балқы би, 45-55 жаста

Гекке

Қарт кісі

Төлеген жырау, 30 жаста

Жауапкер, егде кісі

Махамбеттің бәйбішесі, 30-35 жаста

Типан (Махамбеттің тоқалы), 20-25 жаста

1-тойшы

2-тойшы

Жаралы сарбаз

Жендет

Автор, «Махамбеттің бір күні» жыр-дастан, трагедиялық драмасына Махамбеттің өлеңдерінің кейбір жолдарын және Ығылман ақынның өлең шумақтарын өзгеріссіз пайдаланғанын ескертеді.

Автор, осы еңбекте аты аталған барлық кейіпкерлер рухынан кешірім өтініп, аруақтарына құран бағыштайтынын, сауабы соларға деп садақа тарататынын хабарлайды.

Аллатағала олардың жанын Жұмақта еткей!..

1-ШЫМЫЛДЫҚ.

1-көрініс

Қараңғы сахна. Сахна бұрышында әлсіздеу от қасында ой үстінде отырған Махамбет

Махамбет:

Жан-дүние ерік бермей санаға,
Бейбастақ кеткен
Бүгін қандай күн еді...
Еңсені езген мына кеш,
Неткен ауыр түн еді...
Ойпырмай!
Жақындап қалды-ау бір сарын,
Жеткізер қандай ел зарын?..
Естілмей жатып жан жылатқан:
Қайғысы қалың,
Мұңы зәбір,
Неткен жегі үн еді...

...Осындай кезде азаттыққа ұмтылар,
Қажет кезде тың тұрар,
Менің қажымас жігерім
Қайда қалған?
...Жанымды жайлап алған,
Еркімді байлап алған,
Мына пәле,
Кенеттен, қайдан пайда болған?

Сахнаға киімі, жүріс-тұрысы өзгешелеу 1-Ой-Елес шығады.

1-Ой-Елес:

Ә...Ә... Махамбет!
Сонша жыл санаспап ең менімен,
Сен мені мойындамай келіп ең.
Бүгін ойға баттың ба?

Махамбет:

Сен кім ең?

1-Ой-Елес:

Мен сенмін!
Мен Ой-Елеспін!
Ақыры мені іздеп таптың ба?
Өткен күннің амалсыз,
Ащы зәрін таттың ба?
Енді таныс болалық...
Мен сенің елесіңмін!

Мен Ой-Елеспін!

...Сахнада дүрліккен көпшілік... «Исатай мерт болыпты» деген сөздерді бір-біріне жеткізіп жатады.

Біреулері: Ел үшін туған ер еді... Елдің қамын жеп еді... Дегеніне жете алмай кетті-ау... деп өкініш сөздерін айтады.

Енді біреулері: Ел тынышын алып еді... Ханға қарсы болып еді...Ақыры осылай аяқталарын біліп едім... десіп жатады.

1- Ой-Елес:

О, Тәңірім!

Тұтылды ма күніміз?..

Тұншықты ма үніміз?..

Елдің жүгін арқалар

Қара нары мертікті,

Әділдік пе бұныңыз?

О, Жаратқан!

Жетер ме саған мұңымыз,

Ауыр тиді-ау сыныңыз.

Жазаларлық соншалық

Бар еді қандай мініміз?..

Екінші кісі шығады.

2- Ой-Елес:

Анда барсам анда жылау,

Мында келсем мында жылау,

Мынау елге не болған?

Аспаны да, даласы да,

Бәрі жылап жатқандай.

Таңы бүгін

Теріс жақтан атқандай.

Назары сынық,

Жүздері суық, жат, қандай!..

Бастарынан

Ұшты екен бақ қандай?

1- Ой-Елес:

Сұмдығын-ай

Мынау зұлым заманның.

Арсызын-ай

Мынау залым адамның!

Қасына екінші кісі келеді.

2-Ой-Елес:

Не дедің?

Не боп қалды?

1- Ой-Елес:

Сорлап қалдың, ей халық!

Зарлап қалдың, ағайын!

2- Ой-Елес:

Ашып айтшы, не болды?

1- Ой-Елес:

Заманның беті ашылды,

Сүйекке таңба басылды.

2-Ой-Елес:

Ей, зар заманның заржағы!

Айтшы қалай аржағы?

1- Ой-Елес:

Таңдап қалай атады

Қабан алар барысты.

Ел басына күн туса

Қорғап қалар намысты.

Сүйсінерлік түріне

Нар тұлғалы арысты.

Күн көрсетпей заманы,

Соңына түсіп адамы –

Тындырғаның осы ма-ай?

Ұйықтайсың ау, ей халық,

Сұмдыққа мынау шошымай...

Ес жисаң бір күн жыларсың,

Бауырым-ай, деп сосын-ай...

2- Ой-Елес:

Заржағын-ай мынаның,

Шеберін-ай, Құданың!

Жетер енді, зарламай

Жөніңді айт, шырағым,

Тауыспа кісі шыдамын.

1- Ой-Елес:

Заман тағы тарылды,

Тыңдамайды зарыңды,

Тағы бір дерт жолықты,
Жалмап жатыр барыңды,
Күресереге дәрмен жоқ,
Ел шарасыз торықты.
Құрсағы құрдым,
Өңеші зындан,
Айдаһар пайда болыпты.

2- Ой-Елес:

Құрып кеткен
Аңыздағы айдаһар?
Ол қайда бар?

1- Ой-Елес:

Иә, айдаһар! Айдаһар,
Бізден басқа қайда бар.
Ол тек қана қазақта,
Жуас елден жай табар!

2- Ой-Елес:

Ол не пәле,
Тап бола кеткен қайыптан?
Түсті ме көктен, шықты ма,
Теңізден, әлде Жайықтан?

1- Ой-Елес:

Біздің қазақ тағы да
Бір пәлеге жолықты.
Арлан бөрі, қасқырдай,
Сіңірін қырқа салатын –
Жәңгір атты
Жалмауыз пайда болыпты.
Уа, халайық, бір ұлың,
Исатайдай құлының,
Омыртқадағы жұлының,
Шекедегі тұлымың,
Жарқыраған көктегі
Бір жұлдызың сөніпті,
Қайғы бұлты төніпті.

2- Ой-Елес:

Ей, шырағым, әдеп сақта,
Ханға тілің тигізбе,
Орынсызға күйгізбе.

1- Ой-Елес:

Хан демеші қасқырды,
Хас албасты басқырды.
Исатайдай ел сүйген
Еріне қалай қас қылды?

2- Ой-Елес:

Байқа шырақ,
Тарта сөйле тіліңді!
Өз қолыңмен өшірерсің
Мынау, әлемтарқы үніңді.
Хан баласын даттама,
Аруақтан аттама...
Не жазығы бар еді,
Жаз жайлауын қазақтың
Еділге дейін, кең етті.
Бар мен жоқты теңгеріп
Оқытып бәрін тең етті.
Сұрап жүріп орыстан
Өзіңді дербес ел етті.
Хан баласын даттама,
Аруақтан аттама.
Аруақтан аттасаң
Бір күні бассыз қаларсың,
Бассыз елден тақ таяр.
Хан баласын даттама,
Хан баласын даттасаң
Сонда тақсыз қаларсың
Тақсыз елден бақ таяр.

1- Ой-Елес:

Жәңгір атты жаңадан
Құбыжық пайда болыпты.
Жалмап жатыр өз елін,
Талмап жатыр өз жерін,
Жұтып жатыр өз төлін,
Ел іші дауға молықты.

2- Ой-Елес:

Бүкіл ел боп жыларлық
Қайғы ма екен осы бұл?..
Туар тағы бір әйел,
Исатайдай сосын ұл.

1- Ой-Елес:

Көзі ашық, көңілі соқыр ей бейбақ!
Исатайды қорлама!
Ана екі көзіңді
Ойып кезір алармын!
Мына жарық күніңді
Көкірегіңдей қараңғы
Мәңгі түнек қылармын!

2- Ой-Елес:

Көкірегіңнің ояулығы осы ма...
Сөйлеп тұрған босына...
Исатай да өз түбіне өзі жеткен
Бір ауыз сөзден шошына...

1- Ой-Елес:

Бір ауыз сөзден шошына? Ол не сөз?

2- Ой-Елес:

Сөгіп тұрған сенсің ғой
Көкірегің маған соқыр деп.
Ояу болса жүрегің
Көзіңді жұм да сен тыңда
Саналы көңіл тоқыр тек...
Түсіріп еске көрелік...
Баян етіп берелік...
Хан мінезі қаһарлы,
Елдің қамын жемес пе?
Батырдың бәрі адыраң,
Ерлік деген егес пе?
Мен айтайын сен тыңда.
Етерсің сосын төрелік...

Шымылдық

2-көрініс

Сахнада екі кісі сөйлесіп тұрады.

1- Ой-Елес:

Исатай мен Жәңгір хан
Бір ауыз сөзге бола кетісіп пе?
Бір ауыз сөз үшін
Қырылысып, шабысып өтісіп пе?

2- Ой-Елес:

«Арда қазақ» деген екен Жәңгір хан
Соны Исатай көтермеген секілді.
Кегі барлар Исатайға жақтасып,
Жәңгір ханнан өш алуға бекінді.

1- Ой-Елес:

Сонда қалай,
Бір ауыз сөз бүлдіре ме еліңді?
Бір ауыз сөз,
Қызыл қанға боята ма жеріңді?

2- Ой-Елес:

Сенбейсің бе?
Тыңда онда, айтып саған берейін.
Исатайды мерт етіп,
Жәңгір ханның өсе түскен мерейін...

*Екеуі ойланып сахнаның бір шетінде от алдында отырған
Махамбет тасасына барып жоқ болады.*

*Ұялы сыязы өтіп жатады. Айқайшылар өтеді: Ұялы сыязына
жиналған ағайын! Әділдік іздесең ханға бар, әділетіңді табасың! Есең
кетсе биге бар, қайтарасың есеңді! Бұл сыязда бәрі бар, жыршы да
бар, күйші бар! Палуан бар, биші бар!...*

*Сахнада Жәңгір хан. Қасында билері. Билер ішінде Шонты би,
Балқы би, Исатай. Алдында елі. Ел ішінде Махамбет пен оның
шәкірті Төлеген жырау.*

Жәңгір:

Сыяз қалай өтіп жатыр билерім?

Шонты би:

Ел көңілді, өлең айтып,
Тартып жатыр күйлерін.

Балқы би:

Әділдігін айтып жатыр,
Төрелігін беріп жатыр билерің.

Сырттан шу естіледі. Бас сарбаз шығады.

Жәңгір:

Мынау не шу, бас сарбаз?

Бас сарбаз:

Хан-ием!

Бір оңбағанды ұстадық,

Елді азғырып жүр екен.

Жәңгір:

Алып кел, ел алдында жауапталық.

Ханның екі сарбазы қолы байлаулы біреуді алып келеді.

Жәңгір:

Мынауың кім, ?

Қылмыскер ме,

Қайырып қолын байлаған?

Саудагер ме,

Үй тұрғызар айладан?..

Қанішер ме,

Кекке қылыш қайраған?..

Бас сарбаз:

Бұл үгітші!

Үгіттеп жүр еліңді

Жәрмеңкеде жар салып.

Хан тұқымы ақсүйек,

Халық қамын ойламас,

Ауыр дейді бар салық.

Ханның қара басын қалдырып,

Сүйегіне таңба салдырып,

Сыязды тастап кетелік дейді, тарқалық...

Соған елеңдейді бар халық.

Жәңгір:

Елге үгіт сөз айта алатын,

Ханнан алыс жай табатын,

Басыңа қонған қай талап?..

Кәне, айтшы тағы қайталап!..

Жауапкер:

Айтар едім-ау, хан-ием,

Айттырар деймісің

Мына арсылдаған бөрілер!
Сөйлер едім-ау, хан-ием,
Сөйлетер деймісің
Мына адуын, кілең, перілер!

Жәңгір:

Басты кеспек болса да,
Тілді кеспек жоқ деген!..
Айтарыңды айтып қал,
Жазаламан текке мен!..

Жауапкер:

Олай болса айтайын...
Қолымды шеш, кісендеулі құл емен!
Жалғыз кісі қолын байлап,
Сақтанады кілең маңғаз бұ неден?
Жәңгір ишара етеді. Қолын шешеді.

Жауапкер:

Ей Жәңгір хан!
Сіздің үйде де ана бар,
Анадан туған бала бар.
Біздің үйде де ана бар,
Анадан туған бала бар.
Олар да құдай пендесі.
Елден қуып бездірсе,
Жын жайлауы қара сор,
Қоныс қыл деп сендірсе,
Қайда барып паналар?..
Патшасы бар ханы бар
Өз елін неге алалар...
Жаз жайлаған жайлауды,
Қыс қыстаған қыстауды
Бір балаң тартып ол алды.
Қайын атаң Қарауыл
Отау тіккен төбемді,
Әкем жатқан моламды,
Тартып алып өзімнен
Жалға бермек орысқа...
Кәпір қонбақ қонысқа!..
Айтшы осы дұрыс па?..

Жәңгір:

Мына қара қазақтың
Маған арыз айтпақ ойы жоқ,
Жауаптағысы келгендей,

Ханнан қорқар сойы жоқ!
Иесіне түсер бүркіттей
Сұсты қарашы, қабағындағы!
Қорғасындай балқытылған
Сөздерді қарашы тамағындағы!
25 дүре соғыңдар да, қайта алып келіңдер,
Сосын оның қандай қыран екенін көріңдер...

Жауапкерді дүрелеуге алып кетеді.

Исатай:

Уа, хан-ие!
Сабырлы бол, өзгеден артық тусаң,
Қасыңда кім қалады бәрін қусаң?..
Панасыз хан бола ма, қарасына,
Торғайға пана болған бір түп жусан.
Пақырдың анасы бар, баласы бар,
Кете ме, көрген қорлық, өкпе – жусаң?..

Жәңгір:

Айқындап айт ойыңды,
Ашып айтқын, Исатай?..

Исатай:

Ашып айт десең айтайын.
Айтқаны әлгі қазақтың
Көкірегіндегі зары еді.
Қимағаны
Ата қонысы, жері еді.
Қорғамағы
Азамат деген ары еді.
Соншалық қорлағандай
Не жазығы бар еді?
Көп ішінде абыройын ашқызбаңыз,
Ұялатын келіні болар,
Көп көзінше тәніне дүре басқызбаңыз,
Намыс қуар інісі болар.
Уа, тақсыр хан, тақсыр хан!
Бүгінгі мына ісіңіз
Сорақысы болды-ау мазақтың.
Ауыры болды-ау азаптың.
Содан барып басталар
Төресіз елді, сұлтансыз жерді
Аңсауы қара қазақтың,

Патшасыз, хансыз, азат күн!

Жәңгір:

Исатай!

Бақылап ал басына шығар төбеңді!

Айыпты болдың,

Артық сөз айтып, көп, енді.

*Исатай жауап бергелі ыңғайланады, бірақ үлгере алмай қалады.
Жәңгір бас сарбазға:*

Жәңгір:

Қайда әлгі жауапкер?

Бас сарбаз шығып кетеді.

Екі кісі сүйемелдеп жауапкерді алып келеді.

Жәңгір:

Бірі хан алдана келдім деп

Жүрегі толқып сескенбейтін,

Бірі хан қасында отырдым деп,

Дәрежелідей аспандайтын,

Құтырған екен шетінен

Иба сақтап жасқанбайтын,

Шеттерінен батылын,

Үгіттейді екен жат үнін!..

25 дүре аздық еткен жоқ па,

Қалай екен батырым!

Жауапкер:

Қорладың-ау Жәңгір хан,

Көп ішінде абыройымды ашқызып.

Зорладың-ау Жәңгір хан,

Жылы көбік қанымды

Өзіме тірі ішкізіп!..

Бірақ тірі жүрсем мен

Қайтарармын есесін.

Қылармын мен бір іс қызық.

О, Тәңірім!

Айырмады ғой басымыздан

Мына хан, әңгір, таяқты,

Тірілей сойды міне енді,

Тәнімді қанмен боятты.

Сақ бол енді Жәңгір хан

Ызаны әбден ояттың.

Жәңгір:

Ұрған сайын мынаның
Барады ғой тілі ұзарып.
25 дүре тағы да...
Соған тілін тартпаса,
Соғылсын сосын, жүзі, анық.

Жауапкерді алып кетеді.

Исатай:

Тыңда бізді, тақсыр хан
Аспаннан түскен ешкім жоқ,
О да атаның баласы.
Ауызда сөзі, бойда қан
О да адам шамасы.
Уа, тақсыр хан, тақсыр хан
Хандыққа қарсы ешкім жоқ,
Орынсыз тілді кестің көп.
Ойламадың бұ халық
Өз ханын сүйіп өссін деп.
Тақсыр, тақсыр дегенге
Шығып кеттің жобадан.
Ақылға кел, әйтпесе,
Қалады-ау кеміп со бағаң!
Кешірім бер пақырға
Жаңылған шығар тобадан.
О да өзіндей кәдімгі,
Сүйек пен еттен жаралған,
Мына біздей тірі адам.
Терісін тірі сойдырған,
Қазақта жоқ, мынау қай қылық?..
Орынсыз қамшы сілтемей
Іс етсеңіз еді жайды ұғып.

Жәңгір:

Ей, Исатай!
Хан бұйрығын қайырма,
Басыңды бақтан айырма.
Қайта-қайта сөз бұзып,
Сынағаның ба төзімді...
Тым жоғары бағалап
Кеткен секілдісің ғой өзіңді!..
Ханға қатты сөз айтқан,
Ата-баба әдетінде бар ма қазақ?..

Сені Исатай еткен – мен,
Соны түсінбедің-ау – сен, «Арда қазақ!»...
Тоқтат... Сөзіңді! «Арда қазақ!»...

Исатай:

Мен, Мен едім, Мен едім,
Хан алдында қаймықпай,
Ойдағымды айта алар,
Мойындағы борышты
Үстемелеп қайтарар,
Елге еңбек еткенде
Тұла бойым жай табар –
Исатай атты ер едім!

Исатай ендігі сөзін сұқ саусағын Жәңгірге кезеп тұрып сөйлейді.

Тас лақтырдың-ау Жәңгір тұныққа,
Осы сөзіңді, сірә, ұмытпа!
Сезім де сатқын өзіңдей,
Биліктің рахатына сонша құнықпа!
Арда деп мені сөккенің –
Ар-намысымды төккенің!
Атаң Тәуке болғалы
Қалмаған сірә өктемің!
Арда деген ауыр сөз,
Арда болып ар аттап,
Анаңа бар ма еді менің шөккенім!..

Адамдар: «не дейді», «ауыр сөз ғой мынасы», «қорықсын ба Исатай», «сыяз болады, дау шешіледі» деп жүргенімізде, мына Ұялы сыязы жаман басталды-ау!..

Жәңгір ханның тілі байланып қалғандай... Сөйлегісі келгенмен үнін шығара алмайтындай... Ол қасындағы Шонты биге қарайды. Шонты би билерге қарайды. Билер төмен қарайды...

Шонты би:

Астафралла, астафралла!
Ұят болды-ау Исатай!..
Ұят болды-ау Исатай,
Ардалығыңды білдірдің...
Аузың сенің іріпті,
Сөзің сенің шірікті.
Бір құмалақ ежелден
Бір қарын майды шірітті.

Әлгі сөзің көрдегі,
Қурап қалған сүйегі,
Аруақ ананы тірілтті.
Ұят сөз айттың Исатай,
Айтпас сөз адам білікті.

Балқы би:

Исатай!
Сабыр сақта жарқыным!
Исатай!
Қорладың-ау ел арын!
Ойламадың-ау, Исатай
Артының не боларын.
Басын бастап бердің-ау,
Ел бұзылар зобалаңның.
Ұят болды-ау,
Таңба болды-ау, бетіне көп адамның.

Исатай:

Ей Шонты би, Балқы би!
Кеш жүгіндіңдер ұятқа,
Әлгі қара қазақтың
Ұятын ашып түргенде,
Хан мен сұлтан бірігіп
Бұқа болып сүргенде
Жүгініп пе едіңдер ұятқа!
Сонда ұяттарың қаяқта?..
Шімірікпеп едіңдер-ау,
25 дүре, таяққа!..
Менің сөзімді шірік десеңдер,
Жәңгір аузынан у аққан!
Зәһәрін елге таратқан!
Сорлады ғой мына ел...
О Тәңірім!, өзің емес пе ең,
Қара қазақты да, ханды да,
Адам ғып бірдей жаратқан!..

Шонты би:

Хан мен қараны
Теңестіріп сөйлеуіңді
Қоймадың-ау, Исатай!
Сол бір бүлік мінезіңді
Жоймадың-ау, Исатай!..
Сен...

Жәңгір қолын көтереді. Шонты би сөзі үзіледі.

Жәңгір: Шонты би!

Шонты би!

Тыңдап тұрмын, хан-ием!

Жәңгір:

Бұлар былай бастаса,
Ендігі сөз басқаша...
Қатты тиер жазасы,
Қараны ханы жасқаса...
...Дайындала бер Исатай,
Иттей қылып байлатармын!
Сонау суық Сібірге,
Бұтыңда шынжыр,
Талтаңдатып айдатармын!
Осында қалған жұртыңа,
Жын ойнағы шайтан сордан,
Қоныс беріп, жайлатармын!
Ащы сордың суымен,
Малыңды пұшпақ етермін,
Өлпештеген қызың мен,
Ұлыңды тышқақ етермін!
Ендігі жерде антым – бұл!,
Тұқымыңның түбіне жетермін!
Әлгі әдепсіз сөзің үшін
Солай сенің сорыңды қайнатармын!
Сібірге айдатармын!
Сорыңды қайнатармын!..

Жәңгір қалшылдап, шаршап қалады.

Исатай:

Қалай екен Жәңгір хан!
Сөз сүйектен өте ме?
Жер-жебіріңе жете ме?..
Сен тек қана мен емес
Мынау қалың елімді
«Арда қазақ» деп сөккенде,
Маңдайыма тепкенде,
Бар қазақтың абыройын төккенде –
Үндемеуім керек пе еді?..
Сенің әкең Бөкей мен

Менің атам Тайманның
«Мәңгі достыққа деген» анты бар еді,
Анттың жолы тар еді,
Ант аттадық,
Күнәһармыз екеуміз,
Енді біздер кетісерміз,
Ант жазасын тартып өтісерміз...
Енді екеуміз кетісерміз...

Күбірлеп

Кетіскен соң не етісерміз?..
Атам қазақты «Арда» дегенде,
Үндемеуім керек пе еді!
Кетісуге бір ауыз сөз себеп пе еді?..

Жәңгір:

Жетер енді!
Тыңдамаймын сөзіңді!
Менің қасымда жүрдім деп,
Асқан екенсің ғой!
Тасқан екенсің ғой!
Тасқандығың соншалық
Келіпті ғой,
Хан анасына артылғың!
Дәмесін қара батырдың!
Әліңді білмей Исатай,
Есептей бер өзіңді
Енді ақта болып, тартылдың!
Қайда анау сарбаздар!
Түйедей қып тіздеңдер,
Бурадай ғып буыңдар,
Піштіріңдер, сосын ақта ғып!..
Бура болып көп жүрді,
Атан боп та күн көрер!..

Шонты би! *(бас сарбазды жұмсайды):*

Шақырып кел сарбазды,
Алып кетсін мынаны!
Сақ болсын де, бұл асау,
Басылмаған жын әлі.
Піштірсін сосын апарып,
Сонымен іс тынады...

Үш-төрт сарбаз кіреді.

Адамдар ортасынан: « Атаңның басын байларсың!» деген дауыс саңқ ете қалады. Төрт-бес жолдасымен Махамбет ілгері шығады.

Махамбет:

Атаңның басы,
Байламақ па едің арыстанды
Елдің туған бағына!
Исатайға зақым салам деп,
Төндіріп алма бір қатер,
Анау алтындатқан тағыңа!

Жәңгір (билерге қарайды):

Мынауың кім тағы да?..

Балқы би:

Махамбет.

Махамбет:

Менің атым – Махамбет!
Жасқұстағы Жәңгір хан
Ісіңнен болдым құса-дерт!
Менің атам Өтеміс,
Елдің қамын жеді ғой!
Сенің атаң Бөкей хан,
Соны көзі көрді ғой.
Халық саған баға берген:
«Хан Бөкейдің тұсында
Секер шайнап, бал іштік.
Хан Жәңгірдің тұсында
Қасықпен қара қан іштік»...
Мен айтқам жоқ бұл сөзді,
Қара қазақ елі айтқан.
Қазақта хан көп болған
Ешкімді емес сені айтқан.
Қыларың болса аяма,
Менің атым – Махамбет!..

Жәңгір:

Махамбет!

Байқаймын, өзіңше сенде ірісің,
Бірақ анау Исатайдай
Көп қазақтың бірісің!

Қолыңда ісің бардай,
Артыңда күшің бардай,
Ұнамай тұр, маған мына жүрісің!
Күш көрсетердей сен кім едің?

Махамбет:

Танымайсың ба, Жәңгір хан,
Танытайын онда өзімді,
Маған тура қарасаң,
Адырайтайын көзіңді...
...Еңселігім екі елі,
Егіз қоян шекелі,
Жараған теке мүшелі,
Жауырыны жарық, мойны ұзын,
Оқ тартарға қолы ұзын,
Қапы да дұшпан кездесе,
Тартынбай сөйлер асылмын.
Құла бір сұлу ат мінген,
Құйрық, жалын шарт түйген,
Құм сағыздай созылған,
Дулығалы бас кескен,
Ту түбінен ту алған,
Жауды көріп қуанған,
Мен – Өтемістің баласы,
Махамбет атты батырмын!

Жәңгір жауап таппай абдырап қалады. Шонты биге қарайды.

Шонты би!

Айыптыға ара түстің Махамбет!
Бұны бір деп біл.
Ханға қару жұмсамақсың,
Екі де.
Жұрт алдында ханды сөктің,
Үшеу де.
Енді өзге түгіл өз басыңды,
Қалай ақтап аласың?
Ара түстің, айыпкерге,
Содан қандай пайда табасың?..

Балқы би:

Хан алдында айыптыға ара түсіп
Махамбет қалай тасындың?
Ал айтшы қалай ақтап аласың,
Ойламайсың ба,

Амандығын басыңның?

Махамбет:

Ай билер-ай, билер-ай!
Елден ерек
Амандық бола ма, асылда,
Елден бөлек
Аман сақтар
Бас бола ма, батырда.

(Исатайға қарап):

Ау Исатай ағамыз!..
Ханның қасын паналап,
Би мен бекті жағалап,
Тапқаныңыз осы ма?..
Құр сандалыпсыз босына!
Одан да аға болыңыз
Қараның тіккен қосына!
Хан қасында қайыр жоқ,
Ол үміт босқа, далбаса.
Исатай аға ойлашы
Ақ жұмыртқа сары уыз
Әлпештеп қолда өсірген,
Туған ұлдан не пайда –
Қолына найза алмаса,
Атаның жолын қумаса!
Мынау қазақ еліңнің
Байтағынан не пайда –
Қонарына жер таппай,
Маңқиған сары даладан
Екіндіде құлаған,
Тарығып келген ерлерге
Қайыры оның болмаса!

Назарын Жәңгірге аударарды.

Ау, Жәңгір хан, хан Жәңгір
Алтын тақты хандардың
Хандығынан не пайда,
Қарып пенен қасерге
Туралық ісі болмаса...
Хан билеген қазақтың
Елдігінен не пайда,
Жетім менен жесірдің
Қанды жасын тыймаса...

Махамбет Исатай қасына жетіп барады.

Ел ағасы Исатай,
Таста мынау орданы,

Бола біл елдің қорғаны.
Өзгерді заман ниеті,
Аспанды бұл торлады.
Қасында бол халқыңның,
Бір дүбірдің жақын толғағы.

Махамбет пен Исатай көпшілік жаққа өтеді.

Жәңгір:

Ей қара қазақтар!
Ел бірлігін тәркі ғып,
Осы істерің дұрыс па?,
Мені мұқатам деп тырыспаң.
Айтқаныма көнбесең,
Айдаған жаққа жүрмесең,
Естеріңді жиғызам,
Бастарыңды қиғызам,
Алдырып әскер орыстан.

Исатай:

Е, Жәңгір хан, Жәңгір хан
Сенің сырың ашылды...
Көпшілікке қарап
Хан үмітті ақтар деп
Бекер екен дәмеміз,
Таптық нені, кәне, біз?
Хан орысты жақтайды.
Елдің қамын ойламай
Ішіне түйін сақтайды.
Ханнан жәрдем күткендер
Әділшілік таппайды.
Қазақта кеткен ата кек
Түсіріп еске жоқтайды...
...Дұрыстық қалай істесін,
Есіне неғып түспесін,
Қазақтардың қолынан
Есімнің қаза тапқаны?
Айқай салып «алаштап»
Нұралы ханды шапқаны.
Әбілқайыр бабасын,
Тіле шауып сабасын
Барақ батыр өлтіріп
Мұқата тауын шаққаны.
Қалың қазақ біріксе
Шығар мінез оғашын.
Сенің сырың ашылды

Кегіңді менен алмақ па ең?
Түсірмек пе еңсемді
Хан дәрежелі салмақпен?
Ата жауым ежелгі,
Сүйек шатыс қалмақпен.
Біз бір-бірімізді енді көрмеспіз!
Орысың да көрген жау,
Қалмағың да көрген жау,
Соңыңнан сенің ермеспіз,
Намысты қолдан бермеспіз!..

Шымылдық

3-көрініс

Жабылған шымылдықтың бергі бетіне 2кісі шығады.

2- Ой-Елес:

Ел арманы бір кісінің көзінде
Ел бақыты бір кісінің сөзінде.
Бір ауыз сөз, өрт боп жайпап даланы
Түсіндің бе не болғанын кезінде.

1- Ой-Елес:

Пай!
Шекіскен екен-ау,
бір-бірінің беттерін
Енді қайтып көре алмастай!..
Пай!
Кетіскен екен-ау,
енді қайтып
Кешірім бере алмастай!..
Жарқылдапты-ау батырлар ақ алмастай!
Жәңгір қандай, кәдімгі жан алғыштай!..

2- Ой-Елес:

Солай болған...
Содан бәрі басталған,
Бір сөз үшін
Тыныштық кеткен басқаңнан!
Бір сөз үшін біздің елге
Қарғыс жауған аспаннан!
Содан бері
Азамат ат үстінде,
Молаға түнеп,

Қу толағай жастанған.
Содан бері жетім менен жесірдің
Қасіретті көздерінен жас тамған.
Ақырында, мінеки,
Исатайдай батырың
Жазасын алды астамнан!

1- Ой-Елес:

Сезбейміз-ау
Ортамызда тажал барын!
Білмейміз-ау
Ара түсер адам барын!
Көрмейміз-ау ерлердің
Ел-жұртым деп алаңдарын!

2- Ой-Елес:

Солай, солай.

1- Ой-Елес:

Бұ тірлікте ақыл жетпес
Бар екен ғой адамдар...
Қандай ірі мінездері,
Қандай кесек сөздері...
Қандай ерен қимылдар,
Қандай ізгі пиғылдар...

Шымылдық жабылады.

1-көрініс

Жәңгір хан тағында, ой үстінде отыр, көңілді.

Жәңгір:

Мен, Мен едім, Мен едім,
Тәңір сүйген кісі едім!
Құдай өзі жаратқан
Маң даланың есі едім!
Мынау қазақ елінде
Ақ патшаның сесі едім!
Қара қазақ көзіңді аш,
Менмін жалғыз көсемің!..
Ант етіп ем,
Орындадым антымды.
Исатай да,
Оған ерген шуылдақтың бәрі де
Жазасына тартылды.
Қалғандары бақа-шаян, құмырысқа,
Тентек күші сарқылды.
Орындадым антымды.

Орнынан тұрып кетіп, маңғаздана жүреді.

Енді тек,
Ақ патшаның елшісі,
Жетсе екен тезірек.
Тек тезірек бола қалса,
Сәтті күннің кезі кеп.
Апырым-ай, кешікті-ау тым,
Не істесем,
Кеткенімді-ай мезі боп?..

Барып тағына отырады. Шыдай алмай тұрып кетеді.

Қуаныштың, кім білген,
Тартады деп, адам ауыр азабын?..
Өтпей қойды-ау уақыт...
...Әлде жиын жинасам ба, ... жо-жо жоқ...
Мүмкін ойын ойнасам ба, ... жо-жо, жоқ...
Сайрандатып сауық құрсам, ... жо-жо, жоқ...
Бәріне де зауқым жоқ...

Қыдырып жүріп өзімен-өзі сөйлескендей.

...Құдай биыл беріп тұр,

Жаудың белі сынған-ды.
Шуылдаған өңшең қырт,
Желігіп барып тынған-ды.
Өз қанына шашалып,
Ашқан аузын жұмған-ды.
Енді мына
Би мен сұлтан арасында,
Қарсы тұрар кім қалды?..
Баймағамбет?..
Алыс ұстау керек өзін әзірге...
Соның оңай жау емес...
Жүрген жері дау, егес...
...Ал анау
Қара қазақ арасында кім қалды?..
Махамбет?..
Бауырға тартып көрсем бе?..
Байқа Жәңгір, Байқа Жәңгір...
Сенген бол, бірақ, сен сенбе...

Тыстан «Сүйінші», «елші» деген дыбыстар естіледі. Жәңгір денесін әрең алып барғандай тағына сылқ етіп отыра кетеді.

Жәңгір:
Иә, сәт!
О тәңірім!
Айттым жолыңа ақсарбас!

Үйге Баймағамбет пен Шонты би кіреді.

Баймағамбет:
Суыт жүріп
Бір күн бұрын жеттім елшіден,
Сүйінші сұрайын деп!
Сүйінші! Хан-ием, сүйінші!
Ақ патша елшісі
Ертең осында келеді!
Елшіңіз емес
Сіздің еншіңіз келеді!
Енді Сіз
Генерал дәрежелі хансыңыз!
Тәңір сүйген
Сіз ерекше жансыңыз!..

Шонты би!
Құтты болсын хан-ием!

Шашуымызды шашармыз!

Жәңгір:

Сүйінші ме!

Айт! Сұра қалағаныңды!

Демеспін мен

Сүйінші деп талап алды!

Бердім, Баймағамбет, қалағаныңды!

Баймағамбет:

Уа, хан ием!

Сізде анау асыл тұқым жылқылар,

Кілең тұлпар көкала бар...

Аталарын алдыртып ең орыстан,

Аналары – Дағыстан!

Өсіп-өнді, көру мұң!

Жайық бойын толтырдың.

Сәнін малдың келтірдің!

Саны көзір қанша мың!

Сүйіншіме

Бір үйір – Көкаладан қаладым!

Жәңгір:

Орындалды тілегің...

Бірақ

Бір тайы шетке шықпасын,

Аздырма малды

Ащы судан бірі жұтпасын.

Шеттегі елдің сұлтанысың,

Мықтап ұста тұтқасын.

Бұл көкалалар келгелі

Бір бәйгі менен кеткен жоқ,

Басыма бақыт тепкен жоқ.

Енді сен өзімнен алып менімен

Бәйгіге таласатын боларсың,

Сән-салтанатпен санасатын боларсың!

Малың құтты болсын, Баймағамбет!..

Баймағамбет қуанады.

Баймағамбет:

Рахмет, хан ием, рахмет!

Орыс патша генералдық шен берсе,

Қолбасшыға тең көрсе,

Дүркіретіп бір той жасап өтелік,

Мәртебелім!
Хан-ием оны жөн көрсе?..

Шонты би:

Неге жөн көрмеске,
Тойлаймын деп елі сұрап жатса,
Бақ пен бақыт өзі басқа құрап жатса?

Жәңгір:

Бұл сөзінде жалған жоқ,
Генарал шенін ешкім әлі алған жоқ.
Тойлауға да болады.
Ойласам көңілім толады...

Үшеуі де балаша қуанады.

Баймағамбет:

Жайық бойын дүбірге толтырайық!

Жәңгір:

Билер менен бектерден жол сұрайық!

Шонты би:

Орда елін қызыққа батырайық!

Жәңгір:

Жыр-күйменен таңдарды атырайық!

Баймағамбет:

Бір ай тойлап сілесін қатырайық!

Жәңгір:

Хан сарқытын бәріне татырайық!

Шонты би:

Хан дәрежесіне бәріміз бас ұрайық,
Мәртебесін ел-жұрттан асырайық!..

Шымылдық

2-көрініс

Баймағамбет жалғыз. Ой үстінде.

Баймағамбет: *өзіне-өзі*

Әй, Баймағамбет!

Сен, өзіңді

Ақылдымын деп ойлайсың,

Содан барып қулықты көп ойлайсың.

Қанша айтсам да қоймайсың.

Ал анау Жәңгір болса

Байтақ елді жалғыз билеп,

Кеудесімен басып барады.

Орыс патша алдында

Абыройы күннен-күнге асып барады.

Генерал шенін алды,

Бақ-дәулеті тасып барады...

...Ақылды болсаң қайда жүрсің?..

Жәңгір қуып тастаған сайда жүрсің...

...Не істеу керек?..

Қисынын тауып,

Жәңгірдің жара жерін

Қасып қойғаным дұрыс па?

Есебін тауып

Кепкен кеудесін

Басып қойғаным дұрыс па?

Ұрындырсам ба,

Ойламаған жерде, кездейсоқ бір ұрысқа?

Баймағамбет орнынан тұрып қыдырыстап кетеді.

Дұрыс, дұрыс...

Іскен кеудесін басып та қоялық,

Жараларын қасып та қоялық...

Баймағамбет көңілдене бастайды.

Оны қалай іске асырам?

Кімнің қолынан келеді?

Ана бидің бе?.. жо-жо жоқ болмайды,

Аузына сөз тұрмайды.

Ана сұлтанның ба?.. жо-жо жоқ болмайды,

Оның қолынан келмейді...

Сонда кімнің?...

Махамбеттің... (қуанып кетеді)

Әрине Махамбеттің!

(алақанын ысқылап, бір орында тұрып қалады)

Апыр-ай... а,

Той үстінде жүздестірсем... а,

Ел алдында кездестірсем... а,

Қос қошқарды соғыстырсақ...

Нағыз айқас, соғыс қылсақ...

Қос қыңырды ұстастырсақ,

Нағыз шынға ұқсас қылсақ?..

Енді маңғаздана жүріп кетеді.

Жіберейін екеуін ұстастырып,

Айрылмастай қылайын жұптастырып.

Бір дәлелін табармыз, сәті түсер,

Өтірікті шындыққа ұқсастырып...

Ха-ха-ха, күледі.

Жіберейін екеуін жұптастырып,

Айрылмастай етейін ұстастырып...

Ха-ха-ха, күледі.

Жұптастырып, ұстастырып...

Ха-ха-ха, күледі. Алақанын уқалап, қуанып қалады.

Баймағамбет:

Мен, Мен едім, Мен едім,

Мен едім озық, зерегің.

Асыл текті, хан сүйек,

Баймағамбет сұлтан мен едім!

Талайыңның аңқаулар,

Азыққа етің жеп едім...

...Бас асау ақын, Махамбет...

Ақ ордаға кіргізейін,

Хан қасында жүргізейін,

Аз ғана күн күлгізейін.

Ал сонан соң,

Кім екенімді білгізейін...

ха-ха-ха

...Мәртебелі Жәңгір хан...

Алдыңда енді кішірермін,

Мақтап-мақтап ісірермін,

Отсыз сені пісірермін,

Піскеннен соң түсірермін...

...Ел алдында

Махамбетке сөктіртсем,

Абыройыңды төктіртсем?

Қараларды айдап салсам
Біздің бұл ойды түсінер кім?

ха-ха-ха

...Оны Балқыға шақыртайын...
Махамбетті шақырдың деп,
Жазанды тарт ақылдым деп,
О да кейін Жәңгірдің
Қаһарына ұшырар...
Солай бәрі бізден оқсап ұтылар,
Бұл арада жазықсыз боп,
Тек Баймағамбет құтылар...

Шымылдық жабылады.

3-шымылдық

1-көрініс

Жәңгірдің генерал атағын алуына арналған той. Екі тойшы әңгімелесіп тұрады.

1- Ой-Елес:

Той десе қазақ шашылар,
Беретін ағыл-тегіл асы бар.
Көңіл шіркін бір шалқып,
Зорға сосын басылар.

2-Ой-Елес:

Рас, рас!
Ас дегенің
Ағып жатыр төгіліп.
Кілең ақын, кіл жыршы
Ханды мақтап, егіліп.
Мына сар даланың саздарын-ай,
Елжіретіп барады,
Кетпегей еді
Қабырғаларым сөгіліп!

1- Ой-Елес:

Байқа байғұс, өліп кетпе,
Ойың бар ма

Ханның тойын бүлдіруге.
Ханда қырық қараның ақылы бар,
Тапқан екен сендей бір төбетті үрдіруге.

2- Ой-Елес:

Жүз елу ат жүз шақырымға қосылып
Ағып келе жатыр-ау
Ақ Жайықтай жосылып!
Бәйгесі жүз түйе дейді,
Бәйге басы күміс емес
Алтыннан дейді тай тұяқ!
Құдайым-ау, мынадай
Алақандай алтын тай тұяқ!..
Алар екен қай тұяқ?..

1-Ой-Елес:

Молдау екен бәйгісі,
Өзінде қаларына сенімді-ау!

2- Ой-Елес:

Отыз палуан кезек-кезек
Ортаға шығып алшаңдап,
Шақпақ еттері санының
Жүргізбей, содан талтандап,
Алысып жатыр арыстандай,
Бір үйір жылқы бәйгісі,
Қайралған әбден намысы,
Ол күрес емес ар ісі,
Осы ғой біздің қазақтың
Ғажайып ерен бір ісі...

1- Ой-Елес:

Бұның рас,
Не бір ерлер бар ғой, алысқандай,
Қас жүйріктер бар ғой, жарысқандай.
Бір үйір жылқы, ой хой, табыс қандай...

2- Ой-Елес:

Ол табыс емес,
Той бәйгесі елдікі,
Палуанға тек атағы.
Бір үйір жылқыдан
Өзіне бір тай тимей жатады.
Біздің қазақта
Атақ малдан қымбатты,

Өнерлі байдан сымбатты,
Генерал атақ алам деп
Жәңгір қанша түн қатты...
Хан сөзіне қосымша
Қандай атақ керек қазаққа
Маған осы бір жері жұмбақ-ты...

Дауыстар: аттар келеді; Жәңгірдің көкаласы алда келеді

1-Ой-Елес:

Көкала болса Жәңгір ғой оның иесі,
Өзінде қалатын болды ғой жүз түйесі.
Алақандай алтын, тай тұяқ, киесі.

2- Ой-Елес:

Бұ көкаланың Жәңгір емес иесі,
Өзінде қалмайтын болды жүз түйесі.
Мына тұлпарды
Баймағамбет қосқан болатын,
Жәңгірден
Оздырған екен ол атын.

1- Ой-Елес:

Баймағанбет
Жәңгірден алыпты ғой сол атын.

2- Ой-Елес:

Бір сыншы бүгін айтулы
Одан әзірге ат тумас деп озатын.
Жәңгір аты әне екінші келеді,
Хан намысы оған қалай тезеді...
Осы екен-ау, білгірлердің дейтіні,
Әр кімнің де бір келеді кезегі...

1- Ой-Елес:

Баймағамбет
Ошақ басында қалдырар,
Жәңгірге олжа салдырар.

2- Ой-Елес:

Кім біледі?

Адамдар дабырласып сахнадан шығып кетеді.

2-көрініс

Баймағамбет шығады. Қуанышты.

Баймағамбет:

О Тәңірім,
Атап едім боз қасқаны жолыңа,
Келтірдің-ау істің сәтін оңына!
Хан тойында, бағымды ханнан асырып,
Бақыт құсын қондырдың-ау қолыма!

Сахнаға назары сынық Жәңгір хан шығады. Қасында билері мен сұлтандары. Баймағамбет сөзін естіп қалады.

Жәңгір:

Ей, Баймағамбет!
Не деп тұрсың тасынып?
Ханға берер сәлем қайда бас ұрып?
Мәз болып тұрған түрің бе,
Менен бағыңды асырып?
Кетіпсің ғой өзің бүгін өзгеріп!
Әлде,
Қылықтарың көп пе екен,
Жүрген менен жасырып?

Баймағамбет:

О не дегеніңіз хан-ием,
Бөтен ой ойламайды ініңіз.
Біз сіздің мәңгі құлығыңыз!

Жәңгір:

Көлгірленбе,
Мына мінез еш жобаға соқпайды,
Хан қамы деген, сенде, жоқ қайғы.
Тағыңды да, бағыңды да мен бергем,
Ал бұл болса «О Тәңір» деп оттайды.

Баймағамбет:

Тәңіріне табынған,
Құдайына жалынған
Оттай ма екен?
Інісіне берген бір тайын
Хан дәрежелі ағасы жоқтай ма екен?

Жәңгір:

О-о!

Саған да тіл шыққан ба,
Қателесіп кеппін-ау,
Алдияр хан деп бұққанға.
Талай пәле жатқан шығар түйіліп,
Анау ішіңде сенің, ұққанға...

Баймағамбет:

Хан-ием!
Сіз менің бір ауыз сөзімді
Жамандыққа жорымаңыз...

Жәңгір:

Жетер!

Баймағамбетті тоқтатып тастайды.

Сөйлемейтін бұрындар жағын ашып,
Тұр екен ғой тап бүгін бағы асып.
Байқамайды-ау, мен қаласам
Бас бәйгімен қосыла
Аста тағы кетерін бағы қашып.

Жәңгір:

Ата жолын білеміз
Бәйгі ошақ басында қалады.

Шонты би:

Сабыр, сабыр хан-ием!
Мына жердің ауасын жұту біздікі,
Ал, ұланғайыр дала сіздікі!
Құлшылық ету біздікі,
Ал, мына дене, жанымен қоса сіздікі!
Тойдағы қуаныш біздікі,
Жәңгір тойы, қалған барлығы сіздікі!
Ішіп-жемек біздікі,
Абырой-атақ сіздікі!
Шындығында,
Біздікі дегеніміздің бәрі түгел сіздікі!

Жәңгір ашуы басылғандай жай басып шығып кетеді.

Той жүріп жатыр. Билер отырған үй.

Шонты би:

Еділ-Жайық арасында
Екі жүз жыл,
Мүмкін үш жүз
Осындай той тойланбапты.
Ханы да бар, қарасы бар
Біреуі де ойға алмапты.

Балқы би:

Жәңгір хан оздырып тұр ғой атағын,
Бағы жанып тұр ғой, баталым.

Шонты би:

Жеке шапқан тұлпардай
Тастап кетті ғой далаға,
Бәсекелес, қатарын.

Бір кісі Махамбет келді деп хабар айтады.

Балқы би:

Шақыртқан мен едім. Кірсін біздің үстімізге.

Махамбет ақын мен Төлеген кіреді.

Махамбет:

Ассалаумағалайкум,
Жайсаңдар мен мырзалар!
Құр сөзбенен таң атырып,
Бос билікпен күн батырып,
Жорға мініп ырғалар.
Кетті ме деп жалығып,
Төлеген жырауды еріте келдім қасыма,
Құмар болып жүрме деп
Асыл сөзбен, жырға зар.

Шонты би:

Саламат бол, Махамбет!
Аман-есен жүрмісің?
Көптен көзге түспедің,
Тергеуде басың, істі едің,
Ханға қарсы қол жинап
Түсініксіз болды-ау істерің.

Алшын түгіл әлемің
Жеңе алмайды дейді ғой
Орыс патша күштерін.
Риза боп Тәңірдің
Жүре берсең қайтеді
Өзіңе шақтап пішкенін.

Махамбет:

Тындырған ісіңе риза боп
Отырғаның ба еді бұл, өзіңе.
Ханнан басқа адамдар,
Кісі боп көрінбейтін шығар көзіңе.
Ки дейсің бе, Шонты би
Өзіңе шақтап пішкенін.
Кеміткің келді-ау басымды
Тергеуде деп, істі едің.
Сездіргенің сол дағы
Би едім, сенен күшті едім.
Оның рас,
Ойлағаның болып тұр.
Исатайды өлтіріп,
Махамбеттей жетімді
Алдарыңа келтіріп
Онда біз де саралап бір өтелік,
Ауыр айтсам шошыма.
Дәметпесек те сіздерден
Тура билік, төтелік,
Ауызға келген жел сөзді
Кейін қарай қайтарман,
Сөйлетпей билер қоя ма
Бата алған кілең сайтаннан,
Ей Шонты би, Шонты би!
Ер туады елінен
Елдің мұңын айта алған!
Оза шауып бәйге алар
Ат туады байталдан.
Көтермелеп тойыңды,
Ортаға сал деп ойыңды,
Айт десең лебіз қайтарман!
Халық қайғысын айтуға,
Хан ұлынан тайсалман!
Толқыған халық қаһарын
Кім бар еді қайтарған!?.

Шонты би:

Сен халық қаһарын айтасың,
Баяғы жалған намыс айтарың.
Мен Тәңір қаһарын айтамын,
Елді сақтап қалу жолы айтарым.
Еділдей тасып бір ағын
Жақындап қалды батыстан,
Қандай қайрат көрсетер
Зеңбірекке оқталып
Садақ пенен атысқан,
Хан қамығады соны ойлап,
Би жабығады соны ойлап,
Берілмеске не амал,
Қасірет жақындап қалды батыстан...

Махамбет:

Ақпақ түгіл сол ағын
Жаусын көктен сорғалай!
Тасқын емес сел болсын!,
Өмір сүрмен жорғалай!
Қазақ бүгін бас исе,
Ертең қалай ел болмақ!,
Өзін-өзі қорғамай!
Өлімді ойлап дірдектеп,
Өмір сүрмен қорғалай!
Осы жолы хан Жәңгір
Жауға берсе пейілін,
Хан ұлына қас болу,
Қара ұлына бас болу,
Мендей ерге жөн екен.

Шонты би:

Басында хандай басы бар
Заман саған көне ме?
Заманның Жәңгірдей иесі бар
Билікті саған бере ме?

Махамбет:

Дұрыс айттың Шонты би!
Билікті бізге кім берер?
Әй, зымиян заман-ай
Заман деген жаман-ай.
Тырнап тастар беті жоқ,
Шайнап тастар еті жоқ,
Жғаласар жаны жоқ,
Шашып ішер қаны жоқ

Адам емес, ел емес,
Көз көретін жер емес,
Сорлатты ғой біздерді
Заман деген құр елес!..
Заман деген бұл елес!..
Билерге беріп ерігін
Күшпен бәрін билейді,
Әлсіздерді илейді,
Не де болса тәуекел,
Заманыңа, ханыңа
Ерегестік көнбедік!..
Аламанға жел беріп,
Сенделген анау елге еріп,
Заманға қылдық біз егес!..

Шоты би:

Ханға қарсы боласың
Хан да елдің баласы,
Жер де оның анасы.
Хан сөзінен қаймықпай
Айтқан сөзін айнытпай,
Болып жатқан жайды ұқпай
Тоздырарсың жеріңді,
Бос қырарсың еліңді...
Байқа батыр, Махамбет...

Махамбет:

Олай деме Шонты би..
Ел қыратын мен емес,
Елге қорғаған мен едім.
Еділдің бойы ен тоғай,
Ел қондырсам деп едім!..
Жағалай жатқан сол елге
Мал толтырсам деп едім!..
Ханнан қырық туғанша,
Қарадан бір-ақ тусайшы,
Исатайдай ер болып,
Халықтың кегін қусайшы!

Шонты би:

Тап осылай тақылдап
Талай ерлер кеткенді,

Жөнге салып соларды
Талай заман өткенді.
Келісе алмай екеуі,
Заманға ерлер кектенді.
Исатай да кешегі,
Орынсыз бекер текке өлді.

Махамбет:

Қателестің Шонты би!
Ерлер текке өтпеген,
Ерлік текке өшпеген.
Жырлап солар ерлігін
Ұрпақ бекер өспеген.
Соның бірі Исатай –
Атқа мінген ағаның
Атына тұрман болсам деп,
Мынау қара қазақтың
Жұртына құрбан болсам деп,
Исатайдың күні өткен.
Адырнасын ала өгіздей мөңіреткен,
Атқан оғы Еділ-Жайық тең өткен...
Арыстан еді-ау Исатай!
Айтқанын қылмай қазағы
Басына қонбай сабағы,
Арандатса алауыз,
Ұмытады тобаны.
Қарындас қашан өзіне,
Осыдан тәлім алады?..
Бірлікте басы болады?..
Осыларды ойласам
Өкініштің у, зәрі
Жүрегіме тамады.
Менің қайғы, қаныма,
Жау мейірі қанады.
Адамдар қашан ес жиып
Бірлікте басы болады?..

Бас сарбаз кіреді.

Бас сарбаз:

Билер!
Сіздерді хан шақырады.
Махамбетті еріте келсін деп бұйырды.

Махамбет:

Сабақталмай қалды ойымыз,
Теңдеспей қалды бойымыз.
Кездесерміз тағы да,
Уа Шонты би,
Аяқталғанша тойымыз...

Барлығы сахнадан кетеді. Шымылдық.

4-көрініс

Билер мен Махамбет хан үстіне кіріп сәлемдеседі.

Махамбет:

Ассалаумағалайкум ханымыз!
Аман ба ел, жаныңыз?
Құтты болсын
Патшадан алған атағыңыз.
Енді еліңізден де
Алғыс пен бата алыңыз!
Генерал атақ қоздырар,
Ауруға ем болмайды.
Ел батасы оздырар,
Дәріден кем болмайды.

Жәңгір:

Айтқаның келсін Махамбет!
Кездескен жерде
Өзіңе ақындығыңмен табындырасың,
Алыста жүрсең
Батырлығыңмен сағындырасың,
Жақын келсең
Бұзақы сөзіңмен,
Билерімді қағындырасың...
Не істесек екен?
Бір-бірімізге қалай табысамыз?..
Көңіл жықпастай қалай жағысамыз?..
Өзіңнің де мал, жандарың аман ба?..

Махамбет:

Аманы да, жаманы да баршылық,
Кілең салық, елің қалды жаншылып.
Хан салығы, би салығы, салықтан
Кете ме деп, уайым бар, жан шығып.

Шонты би:

Ей, Махамбет!
Хан басымен кішірейіп
Сені ордаға шақырса,
Надан жанша шікірейіп
Шоршып түспе, пақырша.
Араздықты бітірейік
Сөйлеп көрші, мақұлша.

Махамбет:

Ә, Шонты би,
Ара ағайын сен болсаң бітістірер,
Мына сөзің досты да кетістірер.
Алтын табақ сенікі де,
Иттің басы мен бе екем?
Дәлелдеп көр
Өз сөзіңді жөн десең?

Шонты би:

Хан көрсеткен құрмет
Салтың емей немене?
Хан сағынса өзіңді
Алтын емей немене?
Ерегестен, сөз қуғаннан,
Араздастың бір туғаннан,
Не таптың
Айтшы өзің бір жеңілдік ене ме?
Бұ туралы
Не делінген көнеде?

Махамбет:

Көнеден шындық іздемек пе едің?
Онда тыңда...
Қарасын қақсатқан хан оңбас депті,
Беделін сатқан би оңбас депті.
Сақалын сатқан қарттан түңіл деген екен,
Арын сатқан азаматтан түңіл деген екен...
Айтшы Шонты би,
Құтылар жерің бар ма екен?
Сөйле, кәні бар десең!

Шонты би:

**Байқап сөйле Махамбет,
Заманға сыймай қағындың,
Жіберген сенің қатең көп.
Қарындасың қазақты,
Ормандай қалың орысты
Қарсы қойдың өзіңе,
Хан төсекке жатам деп.
Алтын тағын кім берер,
Асыл тонын кім шешер
Махамбет менің атам деп.**

Өз жобаңнан аспасаң етті,
Хан құрметін баспасаң етті.

Махамбет

Кісілік айтар сен бе екен?..
Сені тыңдар мен бе екен!..

Шонты би:

Сабаңа түс Махамбет.

Жәңгір:

Ал, Махамбет,
Мен шақырып ем сені
Ел қамы деген жүкке жегерге,
Сен көнбедің ғой дегенге.
Кетісуге айналдық
Тыңдап отырған қауым бар
Ашып айтшы тазасын,
Менде қандай дауың бар?

Махамбет:

Саған айтар дауым жоқ,
Арызым да жоқ айтатын.
Бірақ саған деген ыза бар,
Түрі жоқ оның қайтатын!..
...Бұзып біттің елімді,
Құбыжық еттің керімді.
Арамдаттың адалды,
Парақор боп би кетті.

Арамдаттың адамды

Арамзалық үйреттің.
Ант ішіскен достарды,
Көре алмастай жау еттің.

Бет сыйпасқан бітімнің
Алақанына дау ектің.
Дананың ойын даң қылдың,
Жарместі, көсем, сау еттің.
Ала алмаған атаңның
Кегің бар ма халықта?
Төзе берер соныға
Төзім қалды ма халықта?..

Жәңгір:

Қамы еді деп халықтың

Жаныңды отқа салыпсың.

Сонда сол іс не үшін?..

Елің кетті тентіреп,

Бола алмадың сен тірек!

Сүйектерің шашылды,

Көкіректерің басылды.

Ханға қарсы шыққанда

Ерліктерің не үшін?..

Махамбет:

Оның бәрі ел үшін!..

Болашақ келер төл үшін...

...Кешегі күнін сағынса

Жүрегін жара, қан басқан.

Еділден қалған ең соңғы

Қиғашты қимай қандасқан.

Ендей аққан Жайықтың

Жағасы үшін жандасқан.

Жұрт үшін хан да садаға

Кешегі дос Жәңгір хан

Сеніменен де аңдасқан.

Бабадан мұра асыл сөз

Жалынмен жазған сан дастан.

Кіжінумен күн кешкен,

Ерлермен жаны үндескен,

Мен емей Жәңгір кім еді?..

Соның бәрі кім үшін?

Ел үшін емей не үшін?..

Жәңгір:

Не тындырдың сонымен?..

Махамбет:

Еңсесі түскен ел үшін

Егеулі найза қолға алып,
Жат жұртқа кеткен жер үшін
Ереуіл атқа ер салып,
Қара қазақ ары үшін
Еңку-еңку жер шалып,
Ерегескен дұшпанға
Сүйектен кетпес ен салып,
Кір шалған қазақ намысын,
Тірліктің мәнін мәнісін
Тазартпақ болған мен едім!..
Қарсы болған сен едің!..

Жәңгір:

Мен заман ем, күн едім,
Ығыма сен түнедің!
Ал енді өзің айтшы,
Бұлданғандай еліңе,
Бұлданғандай ханыңа,
Соншама сен кім едің?..

Махамбет:

Мен, Мен едім, Мен едім,
Қайыры аз заманның
Керегесін қиратып
Ошаққа отын етпек боп,
Туырлығын кескілеп,
Тақымға тоқым етпек боп,
Қара атанған қазақпен
Хан тағына жетпек боп,
Табанға түскен ел-жұртты
Дәрежелі етпек боп,
Езілген елдің еңсесін
Шығарып шыңға кетпек боп,
Дегеніме жете алмай,
Тағдырдан асып кете алмай,
Арманды болған мен едім!..
Зұлымдықты қорғаған,
Жұртымды езіп қорлаған,
Қарсы тұрған сен едің!..

Жәңгір:

Алуан түрлі адам бар
Сол секілді заман бар.
Біле білсең Махамбет,
Хан еліңнің қамқоры
Елдің қамын жеп едік,
Кетпесін құрып деп едік.

Махамбет:

Біз, біз едік, білерге,
Сен Шыңғыстың тұқымы
Кеше келдің бұл елге.
Сенен де бұрын шалқығын,
Қазақ деген, біз, ел едік.
Жаратып дархан Құдірет,
Даламыздай кең едік.
Бір заманда бәрімен
Дәрежелі тең едік.
Буырқанса, бұрқанса,
Мұздай темір құрсанса,
Нөсерден туған сел едік.
Қытай менен Қырымнан
Несібе алып жеп едік.
Қазақтың мынау басына
Не кетпеді, не келіп...
Біз шыққан бір кез биікке
Мықтысынған өзгелер
Бұ күнде жатыр теңеліп.
Байлығына қазақтың
Кірмелер келді кенеліп.
Елдің басын құра алмай,
Билікті ұстап тұра алмай,
Бірлік болмай ақыры
Бұ күнге жеттік не делік...

Жәңгір:

Бірлігің болған шағында
Оны істеген сіз емес
Ел бастаған біз едік.
Шараңнан асып тасысаң,
Жөнге салар тез едік.
Басыңа қауіп Махамбет
Жолықсаң тағы кез келіп...

Махамбет:

Шыдамың таусылды ма,
Түсіндік Жәңгір тұспалыңа,
Азу тісің көріне бастады,
Бөрілігің ұстады ма...

Жәңгір:

Хан еліне қасқыр ма?..
Кешегі Қасым, Жәнібек –
Әбілқайыр, Абылай,
Елімді ел қылам деп
Жүрегіне дерт толған!
Ел үшін деп еңбек қып,
Жалғыз сен бе екен мерт болған!
Хан баласы шаян ба?..
Жүрген жоқ па осы елдің
Бектері мен билері,
Тентегі мен телісі
Жалғыз менің саямда?..

Махамбет:

Ұмытпасам есте жоқ
Саялы ма едің соншалық?..

Жәңгір:

Есінде болар Махамбет,
Ағайыныңмен кетісіп,
Мұз қатқанда өкпеңе,
Қарындастың қастығы
Жер-жебіріңе жеткенде –
Іс түсіп еді-ау басыңа,
Келіп едің-ау сонда Сен,
Мына менің қасыма!
Жұбатқанмын сонда мен,
«Жасыма досым, жасыма!».
Жолыңа деп тай сойып,
Сыбаға деп қой сойып,
Үстіңе деп үй тігіп,
Алыстан жыршы алғызып,
Түнімен жырды салғызып,
Қамыққан қаяу көңілді,
Жабыққан жадау өңінді,
Келтіріп едім орнына...
Соны қалай ұмыттың,
Түкіріп адал асыма,

Тебесің қалай Махамбет,
Хан дәрежелі менің басыма!

Билер шуласып: көргенбіз, есімізде, қатысқанбыз деп жатады.

Махамбет:

Әй, Жәңгір-ай, Жәңгір-ай!,
Келтірме кісі күлкісін.
Құрметің бір күндік.
Тыныштығың бір түндік,
Тойғызғаның бір түстік,
Ұмыта алмай жүрмісің...
Қара бастың қамымен
Өмір сүрген мен емес.
Маған емес барыңды,
Анау қара халқыңа істе, Жәңгір хан!
Соларға деп ататын болсын әрбір таң!
Елге бас ет, сол қарадан шыққан алғырдан!
Сонда саған сенерміз,
Соңыңнан біз ерерміз!

Жәңгір:

Елде болар би мен бек,
Бектерден елі именбек.
Елде болар би мен бек,
Билерді жұртта сүйген көп.
Хан да халық данасы,
Хан да елдің баласы.
Оны өмірге әкелген
Халық атты анасы.
Хансыз өмір сүрем деп
Кетірдің елдің тірлігін.

Шонты би:

Дәл айттың-ау, хан-ием!

Махамбет:

Сен екен ғой қамқоршысы халықтың?

Балқы би:

Енді кім?

Махамбет:

Кешіріңіз тақсыр хан,
Біз осыдан артық қызбалық,
Сөзіміз жараспауға айналды,
Тойыңызды бұзбалық.
Сіз ұрқсат етсеңіз
Қаралардың
Ортасына отыралық біз барып.

Жәңгір:
Барыңыз.

*Махамбет пен Төлеген жырау шығып кетеді
Шымылдық жабылады.*

4-ШЫМЫЛДЫҚ

1-көрініс

Шымылдық ашылады. Махамбет пен Төлеген жырау шығады.

Махамбет:
О, Тәңірім не жаздым!?.
Қамын ойлап халық деген жаныңның,
Қарсы болдым қаһарына ханыңның!
Ақын едім, мен ер едім, енді не,
Мына заман не дейді,
Тентек деген атпен елге танылдым!
Тағы міне құрбандыққа шалындым!
Қарындастың ары үшін,
Қыз-келіннің сәні үшін,
Қарттарымның жаны үшін –
Көз жасы боп егілдім!,
Өлең болып төгілдім!,
Қырық рет сөгілдім!..
Ақын еттің, ер еттің,
Ақырында кім еттің?..
Сөгетіндей не деппін?

Төлеген жырау:
Мұңайма батыр, мұңайма,
Мұңайғанмен бола ма?
Ендігі жерде мақсатың

Жұртыңа қалар ұран боп,
Сенің от сөзіңді жаттаған,
Ұрпақ өсер қыран боп...

Махамбет:

Ай Төлеген інім-ай!
Еділ үшін егестік,
Жайық үшін жандастық,
Қиғаш үшін қырылдық,
Тептер үшін тебістік.
Теңдіксіз малға көнбедік.
Со секілді асқан қайраттан
Ойлашы, көне, не таптық?

Төлеген жырау:

Еділ үшін егессең
Ерлігіңді білдірдің.
Жайық үшін жандассаң
Ел қондырып үлгердің.
Қиғаш үшін қырылсаң
Артта қалған жұртыңа
Қоныс қып, өмір сүрдірдің.
Істеген істің құны жоқ,
Сөйлеген сөздің міні жоқ,
Ердің елсіз күні жоқ,
Ерсіз елдің күні жоқ,
Енді ойлансаң Махамбет
Мәні сол ма, тірлікте,
Өмір деген құрғырдың...

Махамбет:

Бұ тірлікке ойласаң
Кім келіп кім кетпеген...
Мақсатына ойлаған
Ерлердің көбі жетпеген...
...Қоғалы көлдер, құм, сулар
Кімдерге қоныс болмаған?!
Саздауға біткен құба тал
Кімдерге сайғақ болмаған?!
... Мынау жалған дүние
Кімдерден кейін қалмаған?!
Бірақ бес күн тірлікте –
Адал жүрер қалтаңдап,
Арамза жүрер алшаңдап,
Түсініксіз сол маған!..

Түсініксіз сол маған!..

Төлеген жырау:

Ақын аға Махамбет,
Мынау бес күн тірлікте
Сен кім болдың, ойланшы...
Жетім менен жесірді
Қыдыр атадай жебедің.
Аласа көрсең кішірген,
Жесірдің жанын түсінген
Әлсіздерге еп едің!
Адуынды батырдың
Көкірегіне бітер жел едің!
Ақын халық қазақтың
Болмысы өзің дер едім!..

Махамбет:

Өтті ғой заман, өтті ғой,
Кешегі Исатайдың барында,
Мен, Мен едім, Мен едім!
Алақандай Нарында,
Басушы едім құлаштай.
Енді мына заманда
Жәбір беріп, жала етсе,
Былғанған басым ласқа-ай.
Мен бір шарға ұстаған
Қара балта едім,
Шабуымды таппай кетілдім,
Қайраса, тағы жетілдім!..

Төлеген жырау:

Қайраса тағы жетілдің,
Қазақтың өзі секілдім!
Жүрегі жоқ, сезім жоқ
Заманға соғып кетілдің!
Жетім, жесір зарына
Жүрегіңді малып ап
Қатайдың, тағы жетілдің!
Еңку-еңку жер шалып,
Домбыраны қолға алып,
Зорлықты алдың алқымнан,
Алғыс жауды халқыңнан.
Сағынды елің өзіңді,
Естісін тыңдап сөзіңді,
Ортасына баралық,

Домбыра қолға алалық
Көтерелік көңілді
Уайым, қайғы қуылсын,
Көңілдің кірі жуылсын.

Махамбет:

Баралық інім, баралық
Кетер ме мұңым таралып.
Сөз тыңдалық халқымнан,
Асылын теріп алалық...

Екеуі сахнадан кетеді. Шымылдық.

2-көрініс

Тойдағы ел. Жыршыны тыңдап отыр. Жыршы Доспамбет жырларын айтады. Төлеген жырау Махамбет жырларын жырлайды.

Қарт кісі:

Мынау Еділ-Жайық ортасы
Қашаннан да жыраулардың ордасы.
Сөз қадірін бала екенсің білетін,
Жырау інім Доспамбеттен қозғашы.

Жыршы:

Тыңдаңыздар. Білгенімізді ортаға салып көрелік.

Жырлап кетеді.

Балпаң, балпаң басарсың
Басуға табан шыдаса,
Қызыл алмас жан қияр
Қызыл талға қынаса,
Жол болмасқа немене
Тарығып шын жыласа,
Мал бітпеске немене
Жігіт жанды бұласа,
Ел шетіне жау келсе,
Алдына сірә дау келсе,
Батырсынған жігіттің
Күшін сонда сынаса!

Көпшілік қошамет сөздерін айтып жатады.

Жырау:

Заманда жаугершілік өмір сүрген,

Доспамбет батыр екен, ақын екен.
Сөздері әлі күнге ұмытылмай,
Халықтың арманына жақын екен.

Төлеген жырау:

Көзсіз батырлығы бойында,
Уытты сөздері ойында,
Жалынды жігерлері
Бір-бірінене ұқсас жатқан,
Кшегі Асан қайғы мен Қазтуған,
Доспамбет пен Шалгездер
Осы топырақтың шаңын жұтып,
Еділ-Жайық суын ішкен ерлер екен.
Сөз саптауға келгенде
Теңдесі жоқ зергер екен.
Бір тамырдан нәр татқан,
Нәрмен қоса зәр татқан,
Сол ұлылар тізбегіне
Біздің Махамбет аға да жол тартқан.
Елі кәзір солай деп бағалайды,
Қара халық ортасында
Хандай дәрежелі, ағалайды.

Махамбет:

Ағаның сұрағы аяқсыз қалмасын,
Жырау жігіт Доспамбетті жалғасын.

Жырау:

Айнала бұлақ, басы Тең,
Азаулының Стамбұлдан несі кем,
Азаулыдағы Аймедет
Ер Доспамбет ағаның
Хан ұлында қолында бардан несі жоқ,
Би ұлынан несі кем!
Тәңірдің өзі берген күнінде
Хан ұлынан
Артық еді менің несібем!
Азаулыда
Аға болған ерлер көп еді,
Әйтсе де
Алмаға ат байлағаны жоқ еді!
Бірікпей басы барады
Түркінің, шіркін, көп елі...
Қошамет сөздер.

Сере, сере, сере қар,
Асты кілең, үсті мұз,
Күн-түн қатса жібімес.
Күректей мұзды тоңдырып,
Кірмебас ауыр қолға бас болып,
Күңіреніп күн түбінде жорытқанмын!
Уа, жігіттер, жігіттер!
Дүниенің басы сайран, түбі ойран,
Озар бастан бұ дүние
Азаулының Аймедет
Ер Доспамбет ағадан.

Қошамет сөздер.

Айналайын Ақ Жайық
Ат салмай өтер күн қайда,
Еңсесі биік боз орда
Еңеке кірер күн қайда,
Қара бұлан терісін,
Етік қылар күн қайда,
Күдеріден бау тағып
Кіреуке киер күн қайда,
Күмбір, күмбір кісінетіп
Күреңді мінер күн қайда,
Алты құлаш ақ найза
Ұсынып шаншар күн қайда,
Садақ толған сайгез оқ
Масағынан өткеріп,
Басын қолға жеткеріп
Созып тартар күн қайда,
Кет-Бұғадай билерден
Кеңес сұрар күн қайда,
Еділдің бойын ен жайлап,
Шалғынға бие біз байлап,
Қасиетті қара сабадан
Бозбаламен күліп-ойнап,
Қымыз ішер күн қайда!

Қошамет сөздер.

Тоғай, тоғай, тоғай су
Тоғай қондым, өкінбен,
Толғамалы ала балта алып
Топ бастадым өкінбен,
Тобыршығы биік жай салып
Дұспан аттым, өкінбен,
Тоғынды сарты нар жегіп
Көш түзедім, өкінбен,
Ту құйрығы бір тұтам

Тұлпар міндім, өкінбен,
Туған айдай нұрланып
Дулыға кідім, өкінбен,
Зерлі төсек үстінде,
Ақ шымылдық ішінде
Тұлымшағын төгілтіп
Ару сүйдім, өкінбен!
Бүгін, соңды өкінбен,
Өкінбестей болғанмын!
Ер Мамайдың алдында
Шаһид кетсем өкінбен!..

Қошамет сөздер

Жыршы:

Уа, мына біздің
Еділ-Жайық арасы,
Талай қырғын болған жер.
Еділ-Жайық арасы
Талай сүргін болған жер.
Атқа қонған бір күні
Ханға да қайрат қылған жер.
Тартқызам деп жазанды
Билеп тұрған Қазанды,
Ханның туған шешесі
Сүйінбике ханымды
Тұтқын қылып буған жер.
Қашып кеткен ноғайды
Қайырмаққа серт етіп
Ат сабылтып қуған жер.
Сүйініштің ұлы Қазтуған
Туған жерін қия алмай,
Қонысын жоқтап еңіреп
Жаспенен бетін жуған жер.

Қошамет сөздер айтылады. Жыршыны көтермелейді.

Жыршы:

Еділ мен Жайық арасын
Жатқа қалай қиярсың?
Сол талаппен талай керім өткен ғой.
Исатай да солай жылап өткен ғой.

Жырлап кетеді.

Исатай қандай ер еді-ай...
Әділдігін сұрасаң –

Қастаспаған момынға
Жәбір-жапа қылмады.
Қайсарлығын сұрасаң –
Бөксе бұрып орнынан
Хан келсе де қыңбады.
Сабырлылығын сұрасаң –
Өзі айтқанда аз сөйлеп
Кісінің сөзін тыңдады.
Батырлығын сұрасаң –
Ерегескен жауымен
Қан төгіспей тынбады.

Жыршы:

Ал, енді кезекті Төлеген жырауға берелік.

Төлеген жырау:

Мен Махамбет сөздерінен айтып көрейін.

Төлеген жырау жырлап кетеді.

Құлжа қуған текешік
Құлдырайды құты ұшып.
Айшықты мүйіз тигенде,
Бас ұрмай ма, баз кешіп?!
Біздер-дағы, жігіттер
Бірлестірсек білекті,
Шынтуайтасақ тілекті,
Халық қамын ойлайтын
Басымызға бір заман
Орната білсек керек-ті...

Қарт кісі:

Махамбет шырағым!
“Құлжа қуған текешік” –
Айшықты әсем, сөз екен.
Дәл таныған қандай көз екен!
Олар кімдер?

Махамбет:

Қарауыл қожа бес жүз қолмен
Исатайдан қашқанда,
Екі жүз сарбаз қасында
Исатай бағы асқанда,
Айтылып кеткен бір сөз ғой,
Шағында шалқып, тасқанда.

Көпшіліктің қошамет сөздері.

Қарт кісі:

Бәрекелді!

Жырлай бер інім.

Төлеген жырау:

Арғымақтың баласы

Аз оттар да, көп жусар –

Талаудан татқан дәні бар;

Азамат ердің баласы

Аз ұйқтар да, көп жортар –

Дұшпанға кеткен ары бар.

Барымтаға түскен малы бар.

Көпшілік көтерме сөздермен қоштап қояды.

Табаны жалпақ тарлан боз

Шабарында есінер.

Бір мінезі келгенде

Жібектей жұмсақ есілер.

Жауда қалса жолдасы,

Мақтанады несіне ер!

Тастай қатты тағдырың

Исатаймен шешілер.

Айтып-айтпай немене –

Қор болды-ай, қайран, есіл ер!

Көпшілік көтерме сөздермен қоштап қояды.

Атадан туған аруақты ер,

Жауды көрсе жапырар

Үдей соққан дауылдай.

Жүйрік аттың белгісі

Тұрады құйрық жалында-ай.

Айтыл-айтпай немене,

Халық қозғалса,

Тұра алмайды хан, тағында-ай!

Көпшілік көтерме сөздермен қоштап қояды.

Күн қақты ердің астында

Көп жүгіретін күлік бар.

Көп садақтың ішінде

Көбе бұзар жебе бар.

Исатай міне сол еді.

Жауырынан жарып өтін алса да

Жамандарға жалынбас,

Көпшілік көтерме сөздермен қоштап қояды.

Жоқтаған жоғын қарындас,

Исатай емей кім еді?
Қарайғанның, жігіттер,
Бәрін кісі демеңіз,
Көпе-күндіз тайрандап,
Түзге шықпас ерлер бар.

Көпшілік көтерме сөздермен қоштап қояды.

Арқаның қызыл изені
Басы күрдек түбі арал,
Қыдырып шалар аруана.
Кәрісі кімнің жоқ болса,
Жасы болар диуана.
Бір сынаған жаманды
Екіншілей сынама.
Тіріде сыйласпасаң ағайын,
Құм құйылсын көзіңе,
Өлгенде бекер жылама!

Көпшілік көтерме сөздермен қоштап қояды.

- Қалай айтады?
- Рас-ау, тіріде ұрысып, өлгенде жылап...

Қарт кісі:

Байқаймысың халайық!
Осы той кімнің тойы секілді?
Жәңгірдің бе,
Әлде ақындар тойы ма?
Ақын елдің көзі еді,
Ақын елдің тілі еді,
Олай болса ақын аты жойыла ма?
Рахмет саған Махамбет!
Отты сөздер елге қуат береді,
Керек кезде сөзге халық ереді.
Жүрегіне хат боп, анық басылып,
Туар бір күн бұ сөздердің керегі.

Көпшілік Махамбетке қошамет сөздерін айтады.

Той тарайды.

Шымылдық.

1-көрініс

Іс-қимылынан көңіл-күйі анық байқалып тұрған Жәңгір хан тым мазасызданып, өзімен-өзі сөйлесіп, ойға батып отырады.

Жәңгір:

Не боп кетті бұ заман?

Елімді,

Ұстамақ едім

Мына жұдырығыма сыйғызып...

Жерімді,

Жұмақ етпек ем,

Ұры-қарысын тыйғызып...

Жұртымды,

Жарылғамақ ем,

Ақыл сұрап, ақсақалын жиғызып...

Не боп барады бұ заман?..

Бұздық па, әлде, біз-адам!?

Ойланып “апырай... а” дейді.

Асып-тастық,

Бір ауыз сөзді көтермей...

Жағаластық,

Кісілік қарыз өтелмей...

Аспандадық,

Тәңірге төбе жетердей...

Мақтаныш жетті,

Жайықты малшып өтердей...

Қанағат кетті,

О дүние бары бекердей...

Енді міне, жол айырық,

Мынау дүние,

Шыны менен, осылай өтіп кетер ме-ей?..

Басын шайқап, өкінгенін байқатады.

Қолда секілді болатын,

Тәңірдің өзі аспандағы!..

Он жылдан асып кетіпті-ау,

Мына лаң басталғалы...

Амалсыз, жастық астына

Суық қару жастанғалы...

Күрсінеді.

Осы жылдар

Талайдың басын жалмады...

Қасың да жау, досың жау,

Өмірде береке қалмады...

Ақ патша өкілін жіберіп,

Қысып барады ол дағы...

...Не істесем?...

Ойланып отырады.

Қанша күш салсам да
Тынышталмады-ау, мына жұрт,
Алыста жатқан ақ патша
Соны тағады дейді маған кінә ғып!
Исатайдай басшысынан айырсам да,
Махамбеттей қанатынан қайырсам да,
Сабасына түспейді екен бұ неғып?

Біраз үнсіз қалады.

Не істесем?...

Өттеген-ай,
Махамбет қолға түспеді, ұстатпады...
Жанды сығып барады,
Ақ патшаның Геккесі, қыстап тағы.
Сол Махамбет қырсығынан
Хан дәрежелі басынан ұшпақ бағы...

Басын шайқап

Мына Геккені-ай!..
Әрбір сөзі
Маңдайға шеге қаққандай,
Әр дыбысының астында
Бір суық ызғар жатқандай...
Патша үміті
Жатыр дейді ақталмай...
Қимылда дейді
Тұрғанда бастан бақ таймай...
Апырым-ай,
Дос секілді еді, енді жат қандай?..
Бұл Геккеден
Болмайды екен сақтанбай...

Ұрқсат сұрап бас сарбаз кіреді.

Бас сарбаз:

Хан ием!
Бұйрығыңызбен Шонты биді алдырдық!

Жәңгір:

Кіргіз!

Шонты би кіреді.

Шонты би:

Ассалаума-ғалайкум, хан тақсыр!

Жәңгір хан:

Уағалайкум-ассалам!

Мәтелдерің бар еді

“Бұзылып болды-ау ел дейтін,

Кілең қыңыр, айтқаныңа көнбейтін”.

Шонты би:

Солай, солай хан тақсыр!

Жәңгір:

Тек елің емес,

Билер де бұзылған секілді

Шақыртып алмаса келмейтін!

Шонты би:

Кешіріңіз, хан тақсыр!

Көші-қон деп,

Мал төлдеп

Қарбалас боп кетті Наурызда.

Келіп сәлем бермек едім

Ұлыстың Ұлы күні Наурызға!

Жәңгір: бас сарбазға

Үй маңынан ешкім жүрмесін,

Бізге ешкім кірмесін!

Бас сарбаз:

Хұп болады, хан ием! *Шығып кетеді.*

Жәңгір:

Оңашаға шақырттым,

Ақылдаспақ ойым бар.

Шонты би:

Рахмет хан тақсыр!

Жәңгір:

Жүрісі суыт,

Ақ патшаның Геккесі келіп кетті.

Түсі суық,

Үйіп-төгіп тапсырма беріп кетті.

Шонты би:

Ханға, тақсырға,

Қалай бере алады тапсырма?

Жәңгір:

Иә, тапсырма беріп кетті,
Ендігі жерде
Не істесем де, ерікті етті.
Еліңнің іші ылаң дейді,
Орынсыз салық дейді, бүлік көп!
Айта берсе
Кіл бассыздық, ілік көп!
Саусағын басып санайды,
Кемшілік деп, теріп кетті.
Махамбетті ұста дейді,
Не қылсам да ерікті етті...
Сондай тапсырма беріп кетті...

Шонты би:

Апырым-ай, ол қалай?
Біреу себеп болмағай?

Жәңгір:

Ол рас! Атын айтпай кетті,
Ақ патшаға арыз жазған біреу бар.

Шонты би:

Астафралла, кім екен?

Жәңгір:

Сен біле ме деп
Әдейі шақыртып отырмын,
Дәл басушы едің ғой,
Қышыған жерін қотырдың.

Шонты би:

Арызда не деп жазыпты?

Жәңгір:

Елде тыныштық жоқ , үріккен депті,
Басты себеп
Махамбет деген бүліктен депті.

Шонты би:

Апырым-ай, ә...

Жәңгір:

Хан алдында Махамбет
Үш рет болды депті,
Хан қауқарсыз
Ұстай алмай қалды депті.

Шонты би:

Бәрін білетін,
Іште жүретін,
Қастығы мол бір сұм ғой.

Жәңгір:

Қасынан халық кететіні
Шамадан тыс көп салынған салық депті.
Гекке осы жолы тап осылай,
Салмақты қатты салып кетті.
Сіздің қолдан келмесе
Іскер кісіні табамыз дейді.
Болмаса әскер әкеліп
Махамбетті түрмеге жабамыз дейді...
Жүрісі асығыс,
Жолшыбай Баймағамбетке соқпақ,
Сонда дем алармын дейді тоқтап...

Шонты би:

Онда арызшы Баймағамбет болды...

Ойланып қалады.

Махамбеттің
Еділ менен Жайыққа
Ел қондырсам дегені,
Екеуің арасын
Мал толтырсам дегені,
Оларға да жеткен екен ғой...
Ақ патшаның
Қабырғасына батқан екен ғой,
Содан барып
Айласын асырып жатқаны екен ғой...
Олар тағы да әскерін әкеліп төгеді,
Қабырғамызды сосын қақыратып сөгеді.
Бәйтерегімізді сұлатар,
Хан шаңырағымызды құлатар.
Кім қалар екен
Бізді сосын жұбатар?

Жәңгір:

Сен не деп кеттің?

Шонты би:

Бұл Баймағамбеттің ісі ғой,
Ол әуелден екіжүзді кісі ғой.
Айтпадыңыз ба Геккеге
Бәрі жала деп, жала жапқан,
Баймағамбет деп
Махамбетті паналатқан?

Жәңгір:

Айтылды ғой бәрі де,
Бірақ Гекке
Бармай қойды әріге.

Шонты би:

Баймағамбет хан тағынан дәмелі,
Бастап отырған, сол-ау барлық бәлені.
Билік үшін елін сатқан, жерін сатқан
Нағыз арамзаның әлегі.

Жәңгір:

Ал ақылыңды айт!

Шонты би:

Махамбетті
Баймағамбеттен бұрын ұстау керек!..
Баймағамбетке
Салмақ салып, қыстау керек...
Сонда ғана
Ақ патша алдында абыройыңыз асады,
Баймағамбетті,
Қауіпті жауыңызды пысыңыз басады.

Жәңгір:

Олай болса, ұста Махамбетті,
Бұл істі сізге тапсырдым!
Бөлтірігіндей ет,
Көп тазы қуған қасқырдың.
Хандықтың бас биі өзің боларсың
Ханмен бірге көшіп, қонарсың!..

Шонты би:

Құп болады, хан-ием!

Салармын барымды, аянбаспын!
Қақпанымды құрармын,
Қимылдармын,
Дегізбеспін аяқты баяу бастың!

Шымылдық.

2-көрініс

Гекке мен Баймағамбет әңгімелесіп отырады.

Гекке:

Баймағамбет! Ашып айтшы,
Хандарыңыз қандай жан!

Баймағамбет:

Жоғары мәртебелім!
Сізге қалай көрінді?

Гекке:

Жәңгір
Белбеуін бос бумаса етті,
Одан да,
Хан болып тумаса етті.

Баймағамбет:

Тумаса етті!

Гекке:

Халық наразылығы тоқтар емес,
Орыс-қазақ арасын қиғаш етті.
Ақ патшаның назарын
Аударарлық шуға жетті.

Баймағамбет:

Шынында ұят болды-ау,
Ақ патшаға жеткен үлкен шуға жетті.

Гекке:

Тез арада ұстамасаңдар
Махамбетті,
Сөз жоқ, туғызасыңдар
Тағы бір Емельян Пугачевті.

Баймағамбет:

Жәңгір хан бос болды,
Дұрыс айттыңыз, мәртебелім!
Қарасымен қас болды,
Жусанына таласып әр төбенің.

Гекке:

Хан атанбақ,
Бір тентекті
Жөнге дұрыс сала алмай!

Баймағамбет:

Солай, солай!

Гекке:

Би атанбақ,
Бір ауылдың
Жайын дұрыс таба алмай!

Баймағамбет:

Таба алмай!

Гекке:

Ақылы да мол болмас?

Баймағамбет:

Қайдан болсын!
Ел алдында сөйлесем деп
Жәңгір ақылсыздық танытты.
Исатай да,
Махамбет те оны сан ұтты.
Елді алдағысы келеді,
Ерді арбағысы келеді,
Ақымақ билерінің айтқанына ереді.

Гекке:

Бүкіл ел боп, қазақтар,
Бір Исатайды тезге сала алмадың.

Баймағамбет:

Сала алмадық!

Гекке:

Ұстап бердік,

Басшыларының басын жойдық,
Енді жөнге келтіріңдер қалғанын.

Баймағамбет:

Ұстап беріп едіңдер, келістіре алмады.

Гекке:

Сен не істер ең?

Баймағамбет:

Мен бе!

Ақ патшамыз, шіркін!,

Маған ерік берсе тек,

Құлшынар ем

Қайратымды көрсе деп...

Гекке:

Бұзық көп пе?

Баймағамбет:

Самар жағы

Сабырды аздап сақтайды,

Бұхар жағы

Бұзықты қатты жақтайды.

Гекке:

Халық пенен сөйлесе алар жан керек,

Бұзықтарды жөнге салар хан керек.

Баймағамбет:

Қол қойылса

“Баймағамбет – хан!” деген бір құжатқа,

Отырғызса бізді со таққа,

Ұстар едім бәрін мықты тұзақта.

Гекке:

Ақ патшаның назарына ілінгің келсе,

Ханға ылайық кісі деп білінгің келсе,

Қимылдап қал!

Жәңгір екеуіңнің

Қайсыларыңның бақтарың жанады?

Баймағамбет:

Құдай біледі...

Баймағамбет:

Солай, солай!

Гекке:

Махамбет

Бұрында түрмеден қашып құтылып кеткен,

Бірнеше рет сытылып кеткен,

Ол оңай жау емес!

Баймағамбет:

Солай, солай!

Гекке:

Айтар ақылым

Махамбет енді қолға түссе

Ойланбастан көзін құрт!

Естімесін

Енді қайтып сөзін жұрт!

Генерал атақ алып беремін,

Генералдан ұлығы жоқ төренің!

Баймағамбет:

Исатай үшін Жәңгірге

Генерал атақ беріпті, дейді екен.

Гекке:

Исатай үшін Жәңгір алса алған болар,

Махамбет үшін саған да біреуі қалған болар!

Баймағамбет:

Шіркін!

Сол күнге қол жетсе!..

Қатуланып, жүріп кетеді. Шымылдық жабыла бастайды.

1-көрініс

Шымылдық ашылғанда қараңғы түнектің бір бұрышында әлсіз от көрінеді. Арғы жақтан Махамбет шығады.

Махамбет:

Өмір неткен сұрағың көп, тасаң көп?..
Ойға баттым сол сұрақты басам деп...
Ел есінде қалардай
Не тындырдың Махамбет?..
Ел есіне алардай
Не бүлдірдің Махамбет?..
Самсаған сарбаз, қол қайда,
Ойлап па ең жалғыз жатам деп?..
Аңсаған арай таң қайда,
Қазаққа нұр боп атам деп?..
Не Бүлдірдім?..
Алыстатып
Алмадым ба екен сол таңды?..
Ерге сенгем
Аттап өтер төре менен сұлтанды...
Елге сенгем
Сан ордалы, ұлтанды...
Қате қайда?..
Алыстатып
Алмадым ба екен сол таңды?..

Орнынан тұрып кетеді.

Ей, Махамбет!
Ойлайсың-ау әлем сырын ұқтым деп...
Біреулер бар,
Қуанатын дер кезінде бұқтым деп...
Қанша адам танытпайды өздерін,
Перде ұстап бетіне,
Біреулер жүр өмір мәні “жұтқын” деп...

Ей, Махамбет!
Ойладың-ау адам жанын ұқтым деп...
Алмас сөзбен жау қайырдым, жықтым деп...
Енді ойлан, тындырғаның осы ма,
Қара Ойда жалғыз қалдың,
Өзіңе-өзің тұтқын боп...

Жол қалмады-ау ат маңдайын бұрарға,

Мекен де жоқ тұрақтауға, тұрарға.
Осындайда Мая ұлы Құрақтай
Болса бір ер, шіркін, кеңес сұрарға...

Ой-Елес шығады.

Ой-Елес:

Еске алдың ба Құрақты?

Махамбет:

Естен, сірә, кетер ме Құрақ батыр,
Дауыл күнгі сол бір ыз құлақта тұр...

Ой-Елес:

Құрақ батыр ма еді?

Махамбет:

Құрақ, шіркін, қандай еді,
Ел бағына жанатын шамдай еді,
Тура бағыт,
Жол бастар маңдай еді...

Ой-Елес:

Асыра мақтап кетпедіңіз бе?

Махамбет:

Жоқ! Біз сол күні тығырыққа тірелдік...
Исатай да, Мен де
Сол күні көптің бірі едік.
Тек қана Құрақ Құрақ болатын,
Ақылымен алып шығар пырақ болатын...

Ой-Елес:

Рас! Рас!
Арасы елу метрден,
Ен Жайықтың бойына,
Қарауыл әскер тігілген.
Күніне үш ауысып көз ілген.
Айлар бойы
Жайықтан жанды өткізбей,
Тұрып еді-ау, төзіммен.

Махамбет:

Бораған оқ арасында жан бағып,

Қарға қамыс шаншып, далда ғып...
Жартастан киіз қалтамен ат түсіріп,
Үсіп өлер боранға бақ пісіріп...
Жарғабақтан
Киізбен түйе сырғытып,
Тәуекел жетпес ерлікпен,
Ақылмен жауды жүрді ұтып...
Исатай үшін
Құрақ өз шаңырағын құрбан етті,
Содан өзін итжеккенге айдатқан...
Жатқан шығар,
Үйлерінде, басын бағып, жай жатқан...
Ойламайды олар біздердей,
Қауіп-қатер қай жақтан...

Құрақ елесі шығады.

Құрақ елесі:

Ау, Махамбет!
Мені неге жоқтайсың?
Мен сол істі
Жоқтасын деп істеп пе ем?
Оны, Исатай бастаған іске
Сенім еді істеткен.
...Ол бір сәтсіз кез еді ғой,
Исатайдан күш кеткен...
...Өкінбе, Махамбет, аяма мені,
Жайықтан өткізіп бер деп,
Сен мені күштеп пе ең?..

Махамбет ештеңе сезбей отыра береді.

Махамбет:

Сағындым ғой,
Сағыныш қой іздеткен!
Қайран Нарын,
Амалсыз тастап біз кеткен!
Кешір Құрақ аруағыңды оятсам,
Қазақ үшін жан берген
Жалғыз Сіз бен Біз деп пе ең!..
Ел аузында аты қалған ерлердің
Бар өмірі түзде өткен.
Шейіт кеткен жалғыз сен емес,
Сіз қап ішінде алмассыз.
Мына Қара Ой мен Нарынның

Қыртысында ұмыт қалмассыз...

Шымылдық.

2-көрініс

Жылтыраған от маңында ойға батқан Махамбет. Кенет күшті жарық сәулесі шұбатылған ақ киімді Өтеміске түседі.

Махамбет:

Уа, Жаратқан!
Мынау менің әкем бе?
Тірі екен ғой!
Бек пен биден
Бой тасалап жүр екен ғой!

Өтеміс елесі:

Жоқ, Махамбет, алданба!
Көнесің ғой тағдыр басқа салғанға.
Шындық іздеп
Оралдан Орынборға барғанда,
Орданасғауз түрмесінде
Көз жұмғанды, арманда.

Махамбет:

Аңқау әке!
Өз жұртынан қорлық көріп,
Өзге жұрттан теңдік іздеп босына.
Білмедің-ау, жауыңа да, досыңа
Теңестірет өзіннің күшің екенін,
Ақылға қонар ісің екенін.

Өтеміс елесі:

Айтшы өзің, теңесе алдың ба, күш көрсетіп?

Махамбет:

Теңестік!
Біз халыққа
Аз ғана күн болса да,
Азат таңын атырдық.
Аз ғана күн болса да,
Теңдік дәмін татырдық.
Хан мен бекті дірілдетіп,
Уайымға батырдық.

Бас пайданы ойламай,
Біз халық қамы деп тік тұрдық!
Хан халықтан сескенді,
Бас идірдік, ши түбіне бұқтырдық!
Қазақ дейтін ел бар екенін
Ақ патшаға да ұқтырдық!
Орынборға, Петербор,
Орыс патша, қазақ хан –
Ауыр-ауыр жүк қылдық!
Намыс жолында жан берер
Ата-баба ел барын
Жас ұрпаққа жұқтырдық!
Сөйтіп жүріп өзіміз,
Өшіп, қайта жаныппыз!
Сөйтіп жүріп өзіміз,
Өзімізді таныппыз!
Біз – біз екенбіз,
Терісін тірі сыпырса
Қыңсыламас Көк Бөрі,
Сол екенбіз, анық Біз!

Өтеміс елесі:

Бұлар әлі білмейді. Біз енді білдік,
Шындық іздеу –
Қылмыстың бір түрі екен.
Ойлап едік –
Ел арын жыртып өтем.
Тек сол үшін абақтыға жабылды.
Бұ заманда баяғының биі жоқ,
Әр заманның адамы, жұрты бөтен.

Махамбет:

Дұрыс, дұрыс,
Әр заман жұрты бөтен!
Заман деген – заман емес билеуші,
Заман заңы билеуші құлқымен тең!..
Әке!
Мен тағы бір іске бекіндім!
Сенің кегіңді алады
“Қыраны құстың секілдің!”
Осы кезге дейін
Орындамай келгеніме өкіндім!

Өтеміс елесі:

Кек алам деп,
Өтемістің онына
Бүкіл хандықты қарсы қоймақпысың?
Өз тамырыңды өзің шауып,
Тұқымыңды жоймақпысың?..
Қате баспа, бәрі де болып жатыр
Құдіретімен жаһан – Көктің!

Махамбет:

Кім біледі,
Қалай қарсы алады Көкте мені?
Бас ию ме ендігі жетпегені...
Дұрыс сөз бар, дұрыс ой, бәрі дұрыс,
Бірақ намыс жұмсайды кекке мені!
... Өтемістің оны дейсіз атамыз,
Бар қазақтан сол он ұл көп пе еді?..

Өтеміс елесі:

Бекінген ғой бір іске.

Махамбет:

Мен бір іске бекіндім,
Сыбанып жеңді түрдім!
Соңғы қайрат,
Соңғы түн,
Енді бір күн!

Махамбет көңілденеді.

Мен шынымен
Сыбанып жеңді түрдім!
Уа, Тәңірім!, қуат бер,
Соңғы қайрат...
Көп сұраман –
Соңғы түн,
Енді бір күн...

1-көрініс.

Қара ойдағы жалғыз үй. Махамбеттің екі әйелі ошақ басында сөйлесіп тұрады.

Типан:

Батыр ұзақ ұйқтады-ау!

Бәйбіше:

Бүгін сенің қасыңа қонды ғой...

Не істедің,

Оянбастай маужыратып.

Түніменен

Шыққан жандай тау құлатып.

Тоқал:

Мен не істеуші едім, апасы!

Батыр түнде сыр ашып –

Жүргенін айтқан

Ауыр-ауыр ой басып,

Сыздайды деген жүрегім...

Шаршадым деген,

Жаралғам жоқ қой темірден,

Торықтым деген өмірден...

Қалмады-ау деген бұ тірлікте тірегім.

Жалғанның жалғандығын ұқтым деген,

Екі түн бойы

Көз іле алмай шықтым деген...

Бәйбіше: (қулана)

Мен кінәлі екем ғой...

Жазғырып мені тұрсың ба?..

Ұйықтата алмадың кеше деп.

Енді ұйқысын қандырар,

Тоқалда, сірә, есе көп.

Типан:

Жоқ, апасы, ондай ой жоқ...

Тыныш ұйықтап таң атырды,

Оятайын ба, батырды?

Бәйбіше:

Батырдан ұйқы қашқалы қанша заман...
Ол бір жан ғой тыныштық аңсамаған...
Ұйқысы қанып оянсын, шаршаған ғой,
«Тоқал тәтті дейді» ғой қаншама адам...

*Жымиып тоқалға қарайды. Тоқал ұялғандай төмен қарайды.
Махамбет шығады.*

Махамбет:

«Тоқал тәтті» дей ме екен, қаншама адам,
Қателескен өмірде соншама адам.
Бәйбішеге не жетсін, ел анасы,
Жаман атақ тоқалға таңса жаман.

Бәйбіше:

Жақсы ұйықтадың ба?..
Біз шуламасақ
Бір-бірімізден қызғанып, туламасақ,
Тоқалыңа сыйпатып
Жата бермексің бе етіңді?..
Қандай қуаныш, бір көрген
Сенің мынадай жадыраған бетіңді!..

Махамбет:

Бізден гөрі
Тоқал сізге көп бағынады,
Қуалай берме,
Әйтпесе бір күні қағынады...
Күледі.

Ұйқым қанып ояндым!
Бір керемет түс көрдім,
Түсімде ғажап іс көрдім...
Күн еңкейіп барады екен
Жан-жақ өрттей, қып-қызыл..
Мен бір қызыл арайға бояндым,
Көзім қимай, зорға-зорға ояндым...

Бәйбіше:

Ойланып қалады.
Түс түлкінің боғы деген...

Махамбет:

Неге түлкі боғы, нашар түс пе?

Махамбет жуынғысы келген ыңғай танытады. Екеуіне кезек қарап, тоқалына иек қағып: «су құйып жібер» дейді. Құманға жақын тұрған бәйбіше қолына құманды тоқалдан бұрын алады. Өңінен қызғаныш байқалғандай.

Бәйбіше:

тоқалға

Төбеге шығып
Бақылап қайт жан-жақты.
Қашаңғы айтам,
Ауық-ауық қара деп.
Тезек тере келерсің.
Ана қапты ала кет.

Типан:

Кеше де тергем, әне үйде тезек көп.

Бәйбіше:

Онда қапсыз барып қайт,
Жан-жағыңды шолып қайт.

Типан қолына қапшығын алып кетеді. Артына қарап қояды.

Махамбет:

Бір керемет түс көрдім...
Түсімде ғажап қызыл арайға бояндым,
Көзім қимай, зорға-зорға ояндым...
Ал оянсам, мынадай ауыр, мұнар күн...

Махамбеттің сөздері бәйбішеге әсер еткендей... Күбірлеп тұрады да, жатқа өлең оқып кетеді.

Бәйбіше:

Мұнар да мұнар, мұнар күн,
Бұлттан шыққан шұбар күн.
Буыршын мұзға тайған күн,
Бура атанға шөккен күн.
Бұлықсып жүрген мырзадан
Бұрынғы дәулет тайған күн.
Алма мойын аруды
Ат көтіне салған күн.
Бұландай ерді кескен күн.
Буулы теңді шешкен күн...
...Түс қыла көр Құдайым,
Біздей мейманасы тасқанға,

Біздің ер Исатай өлген күн...
Он сан байтақ бүлген күн!..
Желпілдеген ала ту
Жиырылып ойға түскен күн.
Жез қарғылы құба арлан
Жез қарғыдан айырылып
Қорашыл төбет болған күн.
Сағағы болат ақ найза,
Балдағынан сынған күн.
Хас бәйтерек жығылып,
Жығылғаны естіліп,
Алыстағы дұшпанның
Жақындағы «досының»
Қуанып көңілі тынған күн...

Махамбет:

Бәйбіше!
Жатқа біледі екенсің ғой.

Бәйбіше:

Махамбеттің өлеңі деп
Елден естіп жатамыз.
Бай біздікі болса да,
Онда бардың
Дәмін кейін татамыз.
Ел білгенді бізге неге білмеске,
Талай сөзің күбіріңнен қалды есте.
Батыр:
«алыстағы дұшпаның орыс патша,
жақындағы оның досы қазақ ханы –
Солай ма?».

Махамбет:

Зерексің-ау!
Саған арнап өлең жазып,
Оны оқып қуанып,
Бір-бірімізді ардақтайтын,
Болмады ғой уақыт.

Бәйбішесін құшақтайды. Құшағынан босатпай ұзағырақ ұстап тұрады.

Махамбет:

Жүзің сынық, ауырдың ба?

Бәйбіше:

Ауру емес талғақпын!

Махамбет:

Талғақпын дейсің бе?

Бәйбіше:

Талғақпын!

Бір ғажабы

Асқа емес жыланға мен талғаппын!

Ен даланы кезіп жүріп,

Болар жерін сезіп жүріп,

Кеше бірін ұстап жедім, далада.

Махамбет: *(шошып қалғандай кейін шегінеді)*

Адам, әйел!

Өзі іздеген жыланды,

Ой шіркін-ай, құмарлық.

О, Жаратқан, тәңір-ай,

Жыланға қойған құмар ғып...

Бәйбішеге қарап

Қалай жедің далада?

От жақтың ба, пісіріп?

Бәйбіше:

Жоқ, жеген жоқпын, пәленді,

Жұтып қойдым, ұзынынан әрең деп.

Енді ойлалансам, зәрем жоқ.

Жерігім бүгін басылып,

Қабағым қалды ашылып,

Тамақ ішкім келіп тұрғаны, ашығып...

Махамбет:

Сұрамайсың ба сүйінші!

Күн еңкейсін, бір ақсарбасты соялық,

Сорпа ішіп, құйрық май жеп, тоялық.

Мынау, мұнар күнді, шұбар күнді,

Қуанышқа боялық.

Махамбет бәйбішесіне таңдана қарайды.

Ай жүзді,

Күн жанарлы,

Дана боп туған менің алтыным-ай!

Талғақ боп жылан жұтқан батырым-ай!
Қатын дейміз қор ерді, қателесіп,
Әйелдің көп еркектен батылын-ай.
Жыланың жұтқан кезде тірі ме еді,
Қорқыттың-ау, батырды, қатырып-ай...

Махамбет жадырай күледі.

Махамбет сөзін аяқтай алмай қалады.

Төбе басынан тоқалдың «жау, жау» деген ащы айқайы естіледі.

2-көрініс.

Жау. Бәйбіше қайраты.

Махамбет:

Не дейді?

Бәйбіше:

Жау дейді! Жау!

Махамбет:

Ат қайда?..

Бәйбіше:

Ана жақта.

Махамбет мама ағашта ілулі тұрған жүген мен дойырын ұстай жүгіріп шығып кетеді.

Бәйбіше:

Жақсылыққа жори алмай тұр едім,
Қызыл арай – кіл өлім...

Не істерін білмей абдырап қалады.

Қарусыз кетті-ау, қарусыз!..

Жауларды көреді.

Апырым-ай, кем болғанда
Саны жиырма кісі екен,
Мынау қауіп, басқа түскен
Өте қиын іс екен.
Көргені жаман түс екен...

Қолын созып
Сақтай гөр, Тәңірім, сақтай гөр...
Жалғыз қалған сорлың еді, жақтай гөр...

Сасады.
Апырым-ай, аналар,
Атына жеткізбейтін болды-ау, Батырды...
Жолын кесті, өткізбейтін болды-ау, ақыры...

Не істерін білмей, тызақтайды.

...Ойбай-ау, бұл менің не тұрысым,
Жеткізейін қылышын...

«Қарусыз кетті-ау, қарусыз» деп үйге жүгіреді.
Сахнаға жүгіріп Махамбет шығады.

Махамбет:

Аңдыған алмай қоймады,
Ақыры тапты-ау қапымды-ай...
Мына кілең жаман көпектер,
Арланды қауып, басынды-ай!
О, Тәңірім!
Бір тигізші атқа тақымды-ай!
Жалғыз мына дойырмен
Қалар ем қорғап басымды-ай!..

Сахнаға қылышты екі кісі шығып Махамбетке ұмтылады. Махамбет қамшысын екі сілттеп екеуінің де қылыштарын ұшырып жібереді. Біреуі «қолым, қолымды үзіп жіберді» деп бақырады. Екіншісі тұра алмай домалап қалады. Тағы үш-төрт жау жүгіріп сахнаға шығады. Біреуінің қолында найза, қалғандарында қылыш. Домалап жатқандарды көріп, ұмтылуға бата алмай тұрып қалады. Найзалы кісіге қалғандары «найза сал, найза сал» деп, ілгері ұмтылдырады. Сарбаз ыңғайланып найза сілтейді. Махамбет дойырмен найзаны балдағынан үзіп түсіреді. Тағы үш-төрт сарбаз келіп үлгереді. «Арқан лақтыр, байла» деп жатады. Осы кезде сахнаның алыс жағында жаңа айқас басталады. Бәйбіше Махамбетке айқайлайды. «Сәл шыда батыр, қылышыңды кәзір жеткіземін... кәзір!» деп, «жолдан тай, шауып тастаймын, аямаймын» жан ұшырып келе жатады.

Бәйбіше:

Сәл шыда батыр, сәл шыда
Қылышыңды кәзір жеткізем..

Оның қолындағы қылышты төрт-бес кісі тартып алмақ болып жүр. Бірақ бәйбіше қылышын оңды-солды сілтеп, жақындатпайды. Ақыры жауларының бірін жаралайды. Жаралы «қолым, қолым» деп, ойбайлап жатады.

Бір сарбаз артынан келіп бәйбішенің оң иығына найза салады. Қылыш бәйбіше қолынан түсіп кетеді. Қылышты бір сарбаз жерден көтеріп алады.

Жаралы сарбаз:

Тіліп кетті-ау етімді,
Мына қабыланның қатыны.
Болады екен-ау, осындай,
Қатынның да батыры.
Оңды-солды сермеуін,
Намысты қолдан бермеуін!..
Ұл туғызар ма еді, шіркін-ай,
Асыл шығар-ау,
Мынадай қатын жатыны...

3-көрініс

*Махамбетті байлаған. Жіптің екі ұшын екі сарбаз ұстап тұр.
Баймағамбет. Соңғы ерлік.*

Баймағамбет: *Кекетіп күледі.*

Армандап ең хан төсекке жатам деп,
Халің қалай Махамбет!
Тағы өлең айтамысың?
Жоқ әлде райыңнан қайтамысың?
Мен бүгін кешірімдімін, сөйлеп қал,
Не айтсаңда көтеремін, тыңдаймын.
Бүгін сені армансыз жырлатайын,
Өз жырыңмен жасыңды құрғатайын...

Ха-ха-ха, күледі.

Махамбет:

(налып сөйлейді)

...Қапыда өткен дүние-ай,
Халқымның көрген қорлығы,
Хандардың еткен зорлығы,

Ақ жүрегін тербетіп,
Ер көңілін желдетіп,
Ақсүйектің баласын
Қара ұлына теңдетіп,
Қоңыраулы найза өңгердім.
Жетімдерге дем бердім,
Жесірлерге жер бердім.
Ақырында дүние-ай,
Сол ерліктен не көрдім?!

Баймағамбет:

Не көргің келіп еді, Махамбет?,
Көретіндей кім едің?..

Махамбет:

Мен, Мен едім, Мен едім,
Мен Нарында жүргенде
Еңіреп жүрген ер едім.
Исатайдың барында,
Екі тарлан бөрі едім.
Қай қазақтан кем едім?
Бір қазақпен тең едім.
Өздеріңдей хандардың,
Қарны жуан билердің
Атандай даусын ақыртып,
Лауазымын көкке шақыртып,
Басын кессем деп едім.
Еділдің бойы ен тоғай
Ел қондырсам деп едім.
Жағалай жатқан сол елге
Мал толтырсам деп едім.
Еңсесі биік ақ орда,
Еріксіз кірсем деп едім.
Керегесін қиратып,
Отын етсем деп едім.
Туырлығын кескілеп,
Тоқым етсем деп едім.
Тақта отырған хандардың
Төрде отырған ханымын
Қатын етсем деп едім.
Тілекті Тәңірі бермеді,
Өздеріңдей хандарды
Осындай бір қылсам деп едім...
Осыны көрсем деп едім...

Баймағамбет:

Арманыңды ала кететін болдың, Махамбет,
Көре алмай бұл өмірден өтетін болдың, Махамбет.

Махамбет:

Ей, Баймағамбет!
Көкке самғар қыран бар,
Жерде жылжыр жылан бар,
Ортасында адамдар...
Мен қыранның ұлымын
Еркіндікті аңсаған.
Мен биік көкке,
Нұр-жарыққа құмармын,
Сол жолымда, ел бағына,
Не көрсем де шыдармын!

Баймағамбет:

Сонда біз кім екенбіз?

Махамбет:

Сен жылансың,
Аңқау елді арбаған!
Сен аярсың,
Өтірік сөйлеп зарлаған!
Сен билік пен байлық құлысың!
Ел бағынан жымқырып,
Ер арынан қымқырып,
Жүрген бір, жай, ұрысың!

Жәңгір:

Өзіңе қара Махамбет!

Махамбет:

Қарайын! Сен де қара!
Көрмейсің бе, мен қыранмын!
Заман маған көрінсе,
Заман менен жерінсе,
Мен заманның бетіне,
Қасқиып қарап тұра алам!
Сен жылансың!
Заман саған көрінсе,
Заман сенен жерінсе,
Сен салар ең жүрісіңе ирелең.
Түсінбейді соны ел,
Содан ойы кіл алаң...

Баймағамбет:

Қыран болсаң неғып тұрсың?

Махамбет:

Мен байлаулы тұрсам да
Еңсем сенен жоғары,
Қашан да сенен биікпін!..
Сен тартып тұрсың азабын,
Махамбеттей бола алмай,
Дәрежесіне жете алмай,
Қызғаныш деген күйіктің!..
Әскер төгіп жеңе алмай,
Қашқын естек, татардан
Кіл қарақшыны жиыпсың...
Мен елім үшін өлдім деп,
Сол үшін зорлық көрдім деп,
Тағдырыма, Тәңіріме рзамын,
Сезімдемін, сен түсінбес, биік, тым!..
Өлсемде көкте тұрармын,
Жорғалаған сен жылан,
Түсінбессің оны сен,
Татып көрмеген дәмін биіктің!..

Баймағамбет:

Биік болса
Еңкейтейін еңсеңді...
Тізерлетіңдер!

Баймағамбет ашулана бастайды. Сарбаздар Махамбетті күштеп тізерлетіп, иығынан басып ұстап тұрады.

Баймағамбет:

Тырысып ең
Хан, сұлтаннан асам деп!..
Сөйле тағы,
Енді кімсің Махамбет!

Махамбет:

Мен, Мен едім, Мен едім,
Мен Нарында жүргенде
Еңіреп жүрген ер едім.
Исатайдың барында

Екі тарлан бөрі едім.
Ерегескен дұшпанға
Қызыл сырлы жебе едім.
Жақсыларға еп едім,
Жамандарға көп едім.
Ерегескен дұшпанның,
Екі талай болғанда
Азыққа етін жеп едім.
Хан баласы ақсүйек,
Ежелден табан аңдасқан
Ата дұшпан сен едің,
Ата жауың мен едім.
Ежелгі дұшпан ел болмас,
Етектен кесіп жең болмас.
Хан баласы ақсүйек,
Байеке, сұлтан сен болып,
Сендей нар қоспақтың баласы,
Маған оңаша жерде жолықсаң,
Қайраннан алған шабақтай
Қия бір соғып ас етсем,
Тамағыма қылқан кетер демес ем!

Баймағамбет ашуланады. Не істерін білмегендей.

Баймағамбет:

Уайым жеме Махамбет!
Енді қылқан кете қоймас тамағыңа!..
Арызыңды айта бер, мына заманыңа...
...Өтеуіңді іше алмай,
Дұрыс жолға түсе алмай,
Хан қылам деп қарасын,
Емдеймін деп жарасын,
Өмірден өтіп барасың...

Махамбет:

Палуан жолбарыс секілді
Алысқанды алып ұрар білегім,
Қамалған жаудан қайтпаған
Қайнаған қара болаттай
Қарсы біткен жүрегім!
Ертеден кешке дейін зарласам,
Бермейді ғой енді, Құдайым,
Біздей тарыққан ердің тілегін?

Бамағамбет:

Құдайың бермесе біз бердік
Тілегіңді айтып кет!

Махамбет:

Түтім-ау қолға қапыда,
Төнгендей қауіп басыма,
Тілекті Құдай бермеді
Тұтқын қып, жауым, қасыма...
...Айналайын Ақ Жайық,
Ат салмай өтер күн қайда?
Еңсесі биік ақ орда
Еңкеймей кірер күн қайда?
Қара бұланның терісін
Етік қылар күн қайда?
Күдеріден бау тағып,
Сауыт киер күн қайда?
Садақ толған сай кез оқ
Масағынан өткізіп,
Басын қолға жеткізіп,
Созып тартар күн қайда?
Бізді тапқан ананың
Асыраған атаның ризалықпен жайласып,
Қолын алар күн қайда?
Еділдің бойын ен жайлап,
Шалғынға бие біз байлап,
Бозбаламен күліп-ойнап,
Қымыз ішер күн қайда?..
Өлең айтып толғадым,
Көкірегімді басарға!
Қаралай отын жармадым
Тас қазанға асарға.
Махамбеттей мұңдыға
Енді келер күн қайда ?
Саған құрған шатырды
Сүңгімен түртіп ашарға!

Баймағамбет:

Сен, Махамбет!
Тартпайтын болдың тіліңді,
Көнбейтінің білінді,
Өз обалың өзіңе
Өшірейін үніңді...
Сөндірейін күніңді...
...Екпетінен салыңдар,
Ағызыңдар қанын, бар.

Найзамен шаншып тірілей,
Сұратып жанын жалындыр...

Махамбетті екбетінен салып Төрт найзамен шаншып ұстап тұрады.

Баймағамбет:

Енді халің қалай, Махамбет!

Махамбет:

Мен, Мен едім, Мен едім...
Исатайдың барында...

Баймағамбет шыдай алмай теріс бұрылып кетеді.

Баймағамбет:

О, Жаратқан!
Не айтарсың мынаның төзіміне!
Бұның өзі кінәлі өліміне!..
Амалым жоқ,
Ендігі істің, жазаның жөні міне...
Дірілдеп, қалшылдап кетеді
Әй, жендет!
Шап!
Ол енді ерге өзін санамасын,
Бір шапқанда бөліп бер ана басын!

Жендет қылышын суырып, Махамбетке жақындап келе жатады.

Махамбет:

Ла ілаһә илаллаһ, Мұхаммедүр-Расулұллаһ...
Әшһәдү ән ла ілаһә іллаллаһ
уә әшһәдү әннә Мұхаммәдән ғабдүһу уә рәсулүһу...

Баймағамбет:

Болсашы енді, балпаңдамай!..
...Шапсашы басын, тезірек!..

Баймағамбет тағатсызданып, үрейленіп кетеді.

Махамбет:

Уа жаратқан Аллатағала! Жанымды қабыл ала гөр!
Күнәларыма кешірім...

Сөзін айтып үлгермейді.

Жендет Махамбет басын шабады. Үш рет қылыш сілтейді.

Баймағамбет:

Ем жоқ екен,
Бұның сағын сындырар...
Жол қалмады бұдан басқа
Ақ патшаның тапсырмасын
Жөні менен тындырар...

Жендет:

Үш шауып зорға түсірдім,
Омыртқасы жаратылған ба болаттан?..
Ой ғажап-ай, қандай екен жүрегі
Шапығанда аспанға,
Бойымнан биік қан атқан...

Баймағамбет:

Тоқтат, жендет!..
Қап тауып ал,
Басын салып ала жүр...
Көмілсін бассыз,
Тастамайтын адам ғой,
Аузынан Тәңір, Алласын!
Айда малын,
Тігерге тұяқ қалмасын!
Түк қалдырма!
Бұның ханша етпек қатыны,
Байының
Қанын жалап жүрек жалғасын!
Тона бәрін, ал бәрін,
Тоқалын да ала жүр,
Құлыма қатын қылайын,
Тілекті берді, Құдайым,
Бітіріп істі тынайын!..

*Баймағамбеттер кетеді.
Шымылдық*

1-көрініс.

*Жаралы бәйбіше сүйретіліп Махамбет қасына келеді.
Махамбеттің бассыз денесін құшақтай алмай қасына отырып,
сол қолын батыр кеудесіне қойып, жылау айтады.*

Бәйбіше:

О, Тәңірім, бұл қалай?..
О, Жаратқан бұның не?..
Құдай қосқан қосағым
Демейін десем басың жоқ,
Тарайын десем шашың жоқ...
Құрбандыққа шаларлық
Батырым менің асыл ма ед?...
Елім деп, жерім жүрсең де,
Соншалық неге қасың көп?..
...О, дүние боқ, дүние боқ!..
Өбейін десем бетің жоқ,
Сыйпайын десем етің жоқ,
Әділдікті қорғайтын
О, Жаратқан нетің жоқ...
...О, дүние боқ, бұние боқ!...
Қарайын десем пішін жоқ!
Ештеңемен ісің жоқ...
Кеттің бе солай қоштаспай,
О, дүние боқ, дүние боқ...

Бәйбіше зарланып жылауын айтып отырады. Шымылдық жабыла бастайды.

Көмек етер кісім жоқ,
Бойымда қуат күшім жоқ...
...О, дүние боқ, дүние боқ...
...Құшағыңа Қара Жер,
Батырды қалай тапсырам?..
...Кегінді сенің қуар ма,
Өмірге келіп жас қырын!?..

*Қайғылы саз шымылдық жабылғасын да ойнап тұрады.
Соңы.*

